

## Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 17 ақпан N 344 Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.03.28. N 827 жарлығымен. ~U020827

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру мақсатында  
қ а у л ы е т е м і н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Үкіметтің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар ж о с п а р ы н б е к і т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөнінде барлық ш а р а л а р д ы қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тоқсан сайын Қазақстан

Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы туралы баяндап отырсын.

5. "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 Жарлығына

U983834\_

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 2, 10-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) 1-тармақтың 2) және 3) тармақшаларының күші жойылған деп танылсын;
- 2) 2, 3-тармақтар алынып тасталсын;
- 3) 5-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын.
6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2000 жылғы 17 ақпан

№ 344 Жарлығына қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 2001.10.08. № 693

U010693\_

Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға  
арналған іс-қимыл бағдарламасы

Кіріспе

Осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы ескеріле отырып және Қазақстан Республикасы Парламентінің (1999 жылғы 12 қараша, № 204-І ҚРП) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (1999 жылғы 11 қарашадағы № 1684) қаулыларымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы туралы Баяндамаға сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі міндеті маңызды макроэкономикалық параметрлерді - теңгенің тиімді айырбас бағамын, республикалық бюджет тапшылығы мен инфляцияның төмен деңгейін, елдің төлем балансын сақтау жағдайында тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің алда тұрған қызметінде мынадай

негізгі бағыттарды белгілейді:

саяси тұрақтылықты сақтау және ұлттық қауіпсіздіктің негіздерін нығайту;  
тұрақты макроэкономикалық саясатты қалыптастыру және экономикалық өсу  
үшін жағдай жасау;

экономиканың нақты, әсіресе экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын секторы мен жұмыспен қамтуды және ішкі рыноктың сыйымдылығын арттыруды қамтамасыз ететін салаларын дамытуды қамтамасыз ету;

мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру;  
кәсіпорындардың - табиғи монополияның қызметін реттеу кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту үшін, бәсекелестікті орта қалыптастыру және жағдай туғызу;

елдің тұрақты банктік жүйесін қамтамасыз ету және екінші деңгейдегі қазақстандық банктердің шаруашылық жүргізуші субъектілерді несиелендіруін кеңейту үшін жағдайлар жасау; бағалы қағаздар рыногының жұмысын жандандыру;

елдің тартымды инвестициялық ахуалын қалыптастыру және Қазақстан Республикасының капиталдың сыртқы рыноктарындағы имиджін нығайту, тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі қызметті жандандыру және отандық тауар өндірушілерге қажетті мемлекеттік қолдау көрсету; мемлекеттік қарыз алудың нақты өлшемдері мен рәсімдерін айқындау және үкіметтік кепілдіктерді ұсыну; заемшылардың өткен жылдардағы борыштарды мемлекетке қайтаруын қамтамасыз ету;

кедейлік өлшемінің негізінде атаулы әлеуметтік көмектер ұсыну; әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды аймақтарға көшіру; өмірді сақтандыру, халықтың зейнетақы жасында кірістерді қамтамасыз ету жөніндегі жеке жауапкершілікті түсінуін қалыптастыру саласында сақтандыру рыногын дамыту;

мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, оны орталықсыздандыру, жоспарлау жүйесін нығайту.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз қызметінің алдағы кезеңдегі негізгі принциптері ретінде:

қоғамдық және ұлттық келісімді сақтауды;  
әлеуметтік және экономикалық тиімділіктің арасындағы орынды тепе-теңдікті қамтамасыз етуді;

экономиканың нақты секторының басымдығын;

мемлекеттік бюджеттің шынайылығын;

әлеуметтік көмекті, ең алдымен аз қамтамасыз етілгендерге, беруді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күресті;

қоғамды рухани дамыту проблемаларына назар аударуды күшейтуді;  
сыртқы саясаттағы көп салалықты;

жұмыстың ұжымдық стилі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің дербес жауапкершілігін арттыруды айқындады.

Осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасында қойылған міндеттерді іске асыруға бағытталған іс-шаралар кешені, Үкіметтің алдағы кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттары мен принциптері кешені баяндалған.

## 1. Ұлттық қауіпсіздік

Ой-ниет. Негізгі басымдықтар ретінде Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын, сондай-ақ елдің қауіпсіздігін сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздіктің экономикалық, әскери, әлеуметтік-саяси, экологиялық және ақпараттық компоненттерін нығайту жөніндегі қызметті жандандырмақ ниетте.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет барлық мүдделі мемлекеттермен, ең алдымен көрші елдермен достық, тең құқықты және өзара тиімді қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған байыпты және сындарлы сыртқы саясатты жүргізуді жалғастыратын болады. Қазақстан Кеден Одағы, Орталық Азия Халықаралық Қауымдастығы елдерімен ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады. Бұрынғы ТМД-да интеграциялық процестерді нығайтуға кеп көңіл бөлінетін болады. Үкімет Өзара іс-қимыл және Азиядағы сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңестің шеңберіндегі жұмысты жалғастырады, сондай-ақ НАТО-мен әріптестік қатынасты дамыту мәселелерімен де шұғылданатын болады.

Үкімет Орталық Азияда терроршылдықтың, діни экстремизмнің және есірткінің заңсыз айналымының таралуына қарсы әрекет ету мақсатында халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-қимылға баса назар аударады.

Үкімет келіссөздер жүргізбек және тиісті уағдаластықтарға қол жеткізілуіне орай іргелес мемлекеттермен шекараны делимитациялауды жүзеге асырмақ, ҰҚК-нің Шекара қызметін нығайтпақ, Каспий теңізінің мәртебесін реттеу жөніндегі келіссөздерде ілгерілеуге қол жеткізбек, Қытай Халық Республикасымен шекараны демократиялаудың нәтижелерін заң жүзінде

ресімдеуді аяқтамақ және шекара арқылы өтетін суларды пайдалану жөнінде Қазақстан үшін қолайлы уағдаластықтарға қол жеткізбек ниетте.

Алдағы кезеңде әскери қауіпсіздікті нығайту Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен жаңа Әскери доктринаға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Белгіленген тәртіппен Қарулы Күштер түрлері құрылымының түрін өзгерту, елдің ең төменгі қорғаныс шығыстарын бекіту, қаржыландырудың бағдарламалық-мақсатты әдісіне көшу арқылы Қарулы Күштердің экономикасын қайта ұйымдастыру жөнінде шешімдер қабылданатын, елдің экономикалық мүмкіндіктері ескеріле отырып орта мерзімді қорғаныстық бағдарлама әзірленетін, қару-жарақ пен әскери техниканың басым түрлерін сатып алу айқындалатын, Қарулы Күштер үшін кадрлар даярлау және әскери ғылымды дамыту бағдарламасы іске асырылатын, жұмылдырушылық даярлықты, азаматтық және аумақтық қорғанысты ұйымдастырудың принциптері қайта қ а р а л а т ы н б о л а д ы .

Қорғаныс өнеркәсібін дамытудың және өнеркәсіптің азаматтық секторымен өзара іс-қимылының негізгі бағыттары әзірленіп, Қарулы Күштер мен әскери мамандықтардың беделін көтеру жөнінде кешенді ақпараттық бағдарлама қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

ІІМ ішкі әскерлері құрамаларының жауынгерлік даярлығы мен жауынгерлік мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, олардың халықаралық терроршылдық пен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелерінде Қорғаныс министрлігімен және ҰҚК-нің Шекара қызметімен өзара іс-қимылын нығайту жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

Экономикалық қауіпсіздікті нығайту мақсатында жаңа технологияларды енгізу, Қазақстанның дүниежүзілік рыноктағы экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту, елдің транзиттік әлеуетін барынша пайдалану, елдің қаржылық тұрақтылығын нығайту және табиғи ресурстардың пайдаланылуын бақылауды күшейту, инвестициялық және ғылыми-технологиялық саясатты жетілдіру, жағымсыз құбылыстардың ұлттық экономикаға әсерінің алдын алу жолымен отандық өндірістің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталған шаралар іске а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Халықаралық институттармен және жекелеген елдермен өзара іс-қимылды нығайту дүниежүзілік қоғамдастықтың Арал, Семей полигоны мен

республиканың басқа да экологиялық қолайсыз аудандары проблемаларының экологиялық және әлеуметтік зардаптарын бейтараптандыру жөніндегі күш-жігерін біріктіруге, экология, радиациялық және ядролық қауіпсіздік саласында жауапкершілікті күшейтуге, ядролық қаруды таратпау режимін қолдау, ядролық және басқа да радиоактивті материалдардың заңсыз айналымына қарсы күрес, ұлттық қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, табиғатты пайдалану және айналадағы ортаны қорғау жүйелерін оңтайландыру, экологиялық қауіпсіздік қатерлерінің алдын алу жүйесін құру жөніндегі шараларды нығайтуға және экологиялық бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталады.

Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған арнаулы мемлекеттік бағдарламасы іске асырылады, атап айтқанда, оның базасында үкіметтік байланыс жүйесін қорғау, ұлттық криптографиялық қызметтің жұмыс істеуі, мемлекеттік басқарудың ұлттық геоақпараттық жүйесін құру қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік тілдің ақпараттық қажеттілігін кеңейту және қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ), ең алдымен электронды

БАҚ-ын жетілдіру саясаты жүргізілетін болады.

Үкімет халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауды жақсарту жөніндегі шаралар қабылдайтын болады. 2000 жылы БҰҰДБ-ның жәрдемімен белгіленген тәртіппен Қазақстанның табиғи апаттарға дайындығының жоспары әзірленіп, қолдануға енгізілетін болады.

## 2. ШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ТОПТАСУЫ

Ой-ниет. Қоғамдық - саяси тұрақтылықты сақтау, ұлтаралық келісім мен әлеуметтік әріптестікті нығайту, халықтың әл-ауқатының өсуіне жәрдемдесу, азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету, құқықтық реформаны одан әрі жүзеге асыру.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет қоғамды одан әрі демократияландыру, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары



Кедендік және мемлекеттік шекараларды нығайтудың нормативтік-құқықтық базасы құрылады. Есірткіні теріс пайдаланудың алдын алу Нашәқорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық орталығын құру және кәмелетке толмағандар мен жастардың арасында есірткіге сұранысты азайту жөніндегі іс-шаралардың жүйесін қолданысқа енгізу жолымен іске асырылады. Бұл іс-шаралар осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету ескеріле отырып дамытылатын болады. Атап айтқанда, Бағдарламаны іске асыру үшін БҰҰ-ның Есірткіні бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының тегін техникалық көмегі тартылады.

Бүкіл әлеуметтік саясаттың негізгі басымдығы болып табылатын кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрестің 2000-2002 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасы әзірленіп, қабылданатын болады.

Бұдан басқа, әйелдер мен кәмелетке толмағандарға тұрмыста күш қолдануға қарсы күрес күшейтіліп, бұл қылмыстар үшін жазалау шаралары қайта қаралатын болады. Отбасына, әйелдерге және балаларға қатысты бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге негіз болатын Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарын іске асыру көзделіп отыр. Аталған жоспарға сәйкес қолданылып жүрген заңдарға гендерлік сараптама жүргізіледі. Сенім телефондары бар және күш қолданудың құрбаны болған әйелдерге баспана беретін дағдарыс орталықтарының желісі құрылатын болады.

Халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының шеңберінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының бұқаралық ақпарат құралдарында көпшілік алдында сөз сөйлеуі, олардың саяси партиялардың, ұлттық-мәдени орталықтардың, қоғамдық бірлестіктердің және конфессиялардың жетекшілерімен кездесу практикасы жалғастырылады. Қоғамның рухани даму проблемалары мен идеологиялық және ақпараттық саясаттарға көңіл бөлу күшейтіледі.

Халықаралық құрылымдардың тарапынан Қазақстанның қоғамдық-саяси бірлестіктеріне консультативтік және әдістемелік көмек көрсетілуі бөлігінде халықаралық демократиялық институттармен және құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық кеңейтіледі.

Үкімет ұлттық-мәдени орталықтардың одан әрі дамуына жәрдемдесетін болады, "Ұлттық-мәдени орталықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлейді.



### 3. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

#### 3.1. Макроэкономикалық саясат

Ой-ниет. Үкіметтің саясаты макроэкономикалық тұрақтылықты сақтауға және шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін экономикалық дамудың жоғары қарқынын қамтамасыз ететін экономикалық орта жасауға бағытталатын болады.

Үкімет жыл сайынғы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуін 7-9% деңгейінде қамтамасыз етуге, 2002 жылы инфляцияның орташа жылдық деңгейін 5-7%-ға дейін төмендетуге ниеттенуде.

Тиімді мемлекеттік ақша-несиелік және (фискальдық саясат, экономиканың нақты секторын қаржылық және ұйымдастырушылық сауықтыру, ақшалай кірістерді арттыру және халықтың салымдары үшін ынталандыратын жағдай жасау арқылы өндірісті технологиялық жаңарту және Қазақстан экономикасының бәсекелестік қабілетін арттыру қамтамасыз етілетін болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет бюджет процесін одан әрі жетілдіру үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасайды. Мемлекеттік бюджеттің көрсеткіштерін қалыптастыру орташа мерзімдік сипатта болады.

Үкімет 2002 жылы ЖІӨ-ге 2,3% шегінде жаңа әдіспен есептелген республикалық бюджет тапшылығын белгілеуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік бюджет кірістерінің өсуі салық салынатын базаны кеңейтудің және салық әкімшілігін жүргізуді жетілдірудің есебінен қамтамасыз етілетін болады. Мемлекеттік шығыстардың айқын жүргізілуін күшейту басымдықтарды неғұрлым нақты белгілеу, нормативтік базаны қалыптастыру және дамыту, оларды жеке секторға бере отырып, мемлекетке тән емес функциялардан дәйекті түрде бас тарту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көлік пен коммуникациялардың құрылымын жақсартуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық саясат ж а н д а н д ы р ы л а д ы .

Үкімет жыл сайын бюджетті қалыптастыру кезінде зейнетақылардың, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің және мемлекеттік қызметшілердің жалақы мөлшерін арттыру мүмкіндігін қарастыруға ниеттенуде.

Нақты секторды жеделдете дамыту, өнімді өткізудің ішкі және сыртқы рыноктарын кеңейту саясатын дәйекті жүргізу, экспортқа бағдарлау және импортты алмастыру шараларын іске асыру арқылы сауда теңгерімінің оң сальдосын ұстауға қолдау көрсетіледі. Қызмет көрсетулерді дамыту және олардың экспортын ұлғайту жөнінде шаралар қолданылады.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуіне дайындық жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында сауда режимін ырықтандырудың дәйекті саясаты жүргізілетін болады.

Халықаралық сапа стандарттарына сәйкес Қазақстанда өндірілетін және бәсекелестік баға бойынша сатылатын осындай тауарлардың импорты кезінде отандық өндірушілерді қорғауға бағытталған саясат жүргізіледі. Елде өндірілмейтін әлеуметтік маңызы бар тауарларға ең төменгі кеден ставкалары белгіленеді.

Макроэкономикалық саясаттағы тұрақтылық пен сабақтастық: экономикалық жоспарлаудың көкжиегін кеңейту мен сапасын жақсарту, тиімді индустриялық, аграрлық және көлік-коммуникациялық саясат; білім беру, денсаулық сақтау, мәдени даму бағдарламаларын қалыптастыру; мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге азаматтардың белсенді түрде қатысуы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің аса маңызды құралдарының бірі - мақсаты мемлекеттік қорларды (жинақтаушы функция) қалыптастыру болып табылатын, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің әлемдегі бағалар конъюнктурасына тәуелділігін азайту (тұрақтандырушылық функциясы) болып табылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеуі болады. 2002 жылдан бастап шикізат секторынан республикалық бюджетке түсетін барлық салық түсімдерінің 10% Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін болады.

Елдің мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстанның жасасқан халықаралық шарттары мен қабылдаған міндеттемелерін түгендеу жүргізіледі.

### 3.2. Ақша-несие (монетарлық) саясаты

Ой-ниет. Ақша-несие саясаты инфляцияның төмен деңгейін ұстап тұруға, қаржы рыногының тұрақтылығын сақтауға, банк жүйесін одан әрі нығайтуға, сақтандыру рыногын дамытуға, соның ішінде банктік емес қаржы мекемелерінің экономиканың нақты секторын несиелендіруінің одан әрі өсуі үшін жағдайлар жасауға бағытталады болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет Ұлттық Банктің инфляцияның төмен деңгейі саясатын жүргізуін қолдайтын болады. Ақша-несиелік реттеудің ағымдағы банк

өтемпаздығына ықпал етудің және қаржылық тұрақтылықты ұстап тұрудың негізгі құралдары ашық рыноктың операциялары, ресми ставкаларды реттеу және екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландыру болады.

Ұлттық Банк ақша-несие саясатының жаңа режимін - ақша базасы және алтын-валюталық активтер бойынша мақсатты көрсеткіштер белгілеудің қазіргі режимінің орнына инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштер белгілеуді көздейтін инфляциялық таргеттеуді енгізу мүмкіндігіне ерекше назар аударатын болады.

Инфляцияның деңгейін, сыртқы және ішкі қаржы рыноктарының жай-күйін ескере отырып, қайта қаржыландырудың ставкаларын нақты түрдегі әлсіз оң мәнінде сақтау көзделіп отыр. Вексельдік рыноктың дами бастауы банктердің вексельдерді қайта есептеу жолымен қайта қаржыландыруға кіруін жеңілдетеді, экономиканы несиелендірудің әлеуеті артады.

Жеке адамдардың мерзімдік салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдендірудің (сақтандырудың) құрылған жүйесі халықтың банк секторына сенімінің одан әрі артуын қамтамасыз етеді және соның нәтижесі ретінде банк секторына тартылатын ақша көлемін одан әрі кеңейте түседі. Алдағы уақытта депозиттерді кепілдендіру жүйесінің қалыптасуына қарай, кепілдендіру объектілері мен басқа да көрсеткіштердің, сондай-ақ кепілдендіру жүйесіне қатысушы банктер шеңберінің олардың халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі талаптарды орындауына қарай кеңейі жүреді.

Өзара қарыз қорлары мен корпоративті вексельдермен операциялар жүргізуге уәкілеттік берілген ұйымдар сияқты қаржы институттарының жаңа үлгілерінің пайда болуына ықпал ететін іс-шараларға ерекше көңіл бөлінетін болады. Жылжымайтын мүліктердің ұйымдасқан рыногын құруға және ипотекалық несиелендіруді дамытуға жәрдем көрсетілетін болады.

Ипотекалық несиелендіру банктердің жылжымайтын мүліктің кепілімен халықты қаржыландыруға қатысуын жандандырудың есебінен дамытылады. Құрылған Қазақстан ипотекалық компаниясы банктер беретін ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыру (сатып алу) арқылы ипотекалық несиелендіруді дамытуға жәрдемдесетін болады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді несиелендіру, ауыл шаруашылығы мен шағын бизнеске техникалар беру үшін лизинг жүйесін пайдалану кеңейтіледі.

Қазақстан Республикасының банк жүйесін одан әрі дамыту мақсатында 2001 жылдың аяғына қарай Екінші деңгейдегі банктерді банк қызметінің халықаралық стандарттарына көшіру бағдарламасын іске асыру аяқталады.

Таяу жылдары банктердің қызметін лицензиялау мен пруденциалдық

реттеудің, оның ішінде 2001 жылдың ішінде шоғырландырылған негізде қадағалауды енгізудің, банктік қызметтер тәуекелдерін бағалауды жетілдірудің әдістері мен рәсімдері жетілдірілетін болады. Қаржы секторының тұрақтылығын нығайту мақсатында бірыңғай қаржылық қадағалау органы құрылады.

Қор рыногын дамытуға жәрдем көрсету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде олардың баға кесуін міндетті жариялау арқылы ұйымдастырылған қор рыногында және ашық акционерлік қоғамдардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында қызмет істейтін банктердің акцияларының және басқа да бағалы қағаздарының айналымын жандандыру жөнінде жұмыстар жүргізіледі. Айрықша борыштық міндеттемелерді шығаруды қоса алғанда банктердің активтерін секьюритизациялау тетігі әзірленетін, сондай-ақ банктердің корпоративтік бағалы қағаздармен қызметі кеңейтілетін болады.

( О н е к і н ш і а б з а ц )

Халықаралық валюта қоры басшылығының ақша-несиелік және қаржы статистикасын жасау жөніндегі жобасына сәйкес ақша-несиелік статистикада Коммерциялық банктердегі бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының сәйкестендірілуіне қол жеткізіледі.

( О н т ө р т і н ш і а б з а ц )

Сақтандыру рыногының жұмыс істеуі, сақтандыру компанияларының қызметін қадағалау әрі реттеу жүйесін жетілдіру, әсіресе, Сақтандыруды қадағалау органдары халықаралық қауымдастығының принциптерін енгізу, капиталдандыруға, сақтандыру резервтерінің деңгейі мен оларды орналастырудың сенімділігіне қойылатын талаптарды арттыру бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Сақтандыру қызметін көрсетулердің, әсіресе өмірді және аннуитеттерді сақтандыру саласында, сапасын арттыру және кеңейту үшін шетелдік сақтандыру компанияларының қазақстандық рынокке кіруіне рұқсат етілетін болады.

Сақтандырудың ерікті және міндетті түрлерін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Сақтандырудың аталған түрлері бойынша заңдарды халықаралық нормаларға сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

### 3.3. Салық және бюджет (фискальдық) саясаты

Ой-ниет. Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес Үкімет экономикадағы оң үрдістерді орнықтыруға бағытталған және салық төлеушілер мен мемлекет арасындағы мүдделер теңгерімін белгілеу арқылы бюджетке түсетін түсімдердің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ететін дәйекті фискальдық

саясат жүргізуге ниеттенуде. Бюджет жүйесін реформалау, перспективалық бюджеттік жоспарлауды енгізу, орталықтар мен аймақтардың өзара бюджеттік қатынастарын жетілдіру, сыртқы қарыз алу саясатын қатайту, нормативтік құқықтық базаны кеңейту және дамыту негізінде мемлекеттік шығыстарды басқару, әлеуметтік маңызы бар бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру, бюджет процесін одан әрі жетілдіру әрі регламенттеу, түпкі заем алушылардың бюджет қаражатын қайтаруына көзқарасты қатайту, мемлекеттік борыш мөлшерін салыстырмалы түрде қысқарту жалғастырылады.

#### Үкіметтің іс-қимылы.

Үкімет мемлекеттік бюджеттің кірісіне түсімдердің қажетті көлемін қамтамасыз ету үшін мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің олардың өзара қаржылық қатынастарындағы мүдделер теңгеріміне қол жеткізу с а л а с ы н д а :

шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне мемлекеттік органдардың орынсыз араласуын болдырмау мақсатында салық және кеден заңдарын ұдайы ж е т і л д і р е т і н ;

салық ауыртпалығын азайту және салық салынатын базаны кеңейту есебінен бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыратын;

акцизделетін өнімдер бойынша, соның ішінде олардың өнімі мен айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы, салық түсімдерінің толықтығын қамтамасыз ететін;

трансферттік бағаларды қолдану кезінде бақылау тетігін жетілдіретін; шағын бизнес субъектілеріне салық салу тетігін одан әрі оңайлату жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Кеден органдарын автоматтандырудың бірінші кезеңін аяқтайтын болады.

Салық заңдары нормаларының бірімәнді түсіндірілуін, салық төлеушілердің оны қолдануын оңайлатуды, сондай-ақ салық тәртібін сақтау деңгейін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жаңа Салық кодексі К010209\_ қолданылатын болады .

Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру тұжырымдамасының және бюджетаралық қатынастар тұрақтылығы принциптерінің негізінде бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру жүзеге асырылады.

Мемлекеттік функцияларды орындау және бюджет қаражатын жұмсау кезінде басқарудың әрбір деңгейіне заң жүзіндегі өздерінің түсім көздері, өкілеттік пен жауапкершілік бекітіліп берілетін болады.

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы өзара қатынастар жергілікті бюджеттерден бюджеттік алуды жүзеге асыру және дотациялық аймақтарға (Астана қаласынан басқа барлық аймақтар үшін кірістерді бөлудің бірыңғай нормативтерімен) оларды теңестіретін субвенциялар бөлу

принциптерінде

құрылады.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш саласында Үкімет бұдан әрі:

үкіметтік және мемлекет кепілдік берген заемдар есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге қойылатын талаптарды қатайтуға;

заемдық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға;

инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты шығыстарды оңтайландыруға, әкімшілік және операциялық шығындарды, сондай-ақ консультациялық қызметтер көрсетуге кететін шығындарды азайтуға;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару тетігін жетілдіруге;

жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу қағидаттарын қайта қарауға ниеттенуде.

Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру бөлігінде Үкімет: мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын;

акцияларының мемлекеттік бақылау пакеті бар акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің рөлі мен ықпалын күшейтетін;

мемлекеттік кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен пайдасы үлестерінің тұрақтылығы мен толықтығын, сондай-ақ бюджеттің кіріс бөлігінің жалпы көлемінде осындай түсімдердің үлес салмағының ұлғаюын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты барынша жандандыратын және күшейтетін болады.

Үкімет экономиканың аса маңызды салаларында ұлттық капиталдың қатысуын ұлғайтуға қол жеткізетін болады. Елді дамыту және отандық инвестицияларды қорғау үшін ірі отандық бизнестің әлеуетін жұмылдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Кәсіпкерлер кеңесі құрылады.

Мемлекеттік меншікті басқаруды оңтайландыру үшін мемлекеттік меншік объектілерін кешенді түгендеу жөніндегі іс-шаралар одан әрі жүргізіледі.

Жинақтаушы функциясын іске асыру мақсатында Ұлттық қордың активтеріне қатысты Үкімет пен Ұлттық банк оның активтерін капиталдың халықаралық рыноктарында орналастыру жөнінде байыпты саясат жүргізеді.

Бюджет қаражатын жұмсаудың басты басымдықтары:

- өндірістік инфрақұрылымды, әлеуметтік сала объектілерін, сондай-ақ Астана қаласының объектілерін дамытуға инвестициялардың өсуі;

- әлеуметтік сала, яғни зейнетақыларды, жәрдемақыларды, сондай-ақ бюджет саласы қызметкерлерінің, бірінші кезекте орта және төменгі буындағылардың жалақысын бірте-бірте индекстеу;

- қорғаныс шығыстарын ЖІӨ-нің кемінде 1%-мен қаржыландыруды көздейтін елдің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайтуды қамтамасыз ету б о л а д ы .

Үкімет стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау процестерін біріктіруді және үйлестіруді, сондай-ақ бюджеттік жоспарлаудың сапасын арттыруды, бюджеттік міндеттемелер мен болжамдық-талдау жұмысының орындалуын қамтамасыз етеді.

Үкімет бағдарламалық құжаттарды әзірлеу мен қабылдау қағидаттарын, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеуге түйінді принциптер мен қағидаттарды қайта қарайды.

Жиынтық нормативтік құқықтық акт ретінде қызмет ететін және бюджеттерді әзірлеу үшін негіз болып табылатын барлық стратегиялық басымдықтарды, салалық және аймақтық бағдарламаларды түгел қамтитын өзгермелі негіздегі даму бағдарламасы орта мерзімді (үш жылдық) кезеңге әзірленеді және іске а с ы р ы л а д ы .

Жоспарлаудың сапасын арттыру үшін Үкімет бюджет саясатының тиімділігін бағалаудың пәрменді жүйесін әзірлейді және енгізеді. Мұндай жүйенің өлшемдері негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің серпінін ескеріп отырады , сондай-ақ бюджет шығыстарының ұтымдылығын, мемлекеттік шығындардың нәтижелілігін бағалаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделеді. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің теңдестірілуін сақтау және мемлекеттік саясатты жүргізу мақсатында қабылданатын бюджеттік бағдарламалардың құнын бағалау және пайдалылығын талдауға біртіндеп көшу жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Үкімет бюджеттік шығыстарды ағымдағы бағдарламалар және даму бағдарламалары деп жіктеуді енгізеді.

Үкімет алдағы уақытта бюджеттің инвестициялық шығыстарының үлес салмағын арттыратын болады. Осыған байланысты жұмсалған шығындардың тиімділігіне мониторинг жүргізудің жүйесі әзірленеді.

Қазынашылықты жаңалау шеңберінде барлық деңгейдегі бюджеттің ағымдағы шығыстарын тиімді жоспарлау мақсатында қолма-қол ақшаны басқару жөніндегі болжамдық-талдау жұмысының сапасы күшейтіледі.

Үкімет мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударатын б о л а д ы .

Мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау жүйесін әзірлеу мен енгізу жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Бюджет қаражатын тиімді жұмсауға қол жеткізу мақсатында конкурстық рәсімдер өткізуге тиісті қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатыстырыла отырып, сатып алу рәсімдері жетілдірілетін болады.

Сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлерін оқыту жүйесін құру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Бухгалтерлік есеп пен аудиторлық қызмет саласында республикада экономикалық реформа жүргізу үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету, инвестициялық ахуалды жақсарту және халықаралық байланыстарды кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында халықаралық стандарттарға сай бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттары әзірленеді. Ірі кәсіпорындарды бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшіру жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Бюджет процесі туралы жұртшылыққа нақты әрі анық ақпарат беру мақсатында

Үкімет:

заңнамалық және нормативтік құжаттарға;  
жылдық қаржылық және жедел баяндамалар мен есептерге (бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері дайындаған);  
мемлекеттік қаржы туралы толық ақпаратқа қолжетімділікті одан әрі қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Бюджет міндеттемелерінің дұрыс орындалуы үшін бақылау мен мониторингін және бақылау жүргізу бөлігінде Үкімет уәкілеттік берген бақылаушы органдардың рөлі күшейтіледі.

Мемлекеттік қаржы жөніндегі нормативтік құқықтық базаны тәртіпке келтіру мақсатында Үкімет тиісті тұжырымдамалар әзірлеуге кіріседі және Бюджет кодексінің жобасы үшін негіз дайындайды.

### 3.4. Инвестициялық ахуалды жақсарту

Ой-ниет. Экономикалық өсудің тұрақты қарқындарына қол жеткізу үшін бірінші кезекте елде инвестициялық белсенділікті арттыру қажет. Ол үшін тартымды инвестициялық ахуал қалыптастыру, Қазақстанның капиталдардың сыртқы рыноктарындағы имиджін нығайту, тікелей инвестициялардың ағынын арттыру, мемлекеттік инвестицияларды ұтымды және тиімді пайдалану талап етіледі.

Үкіметтің іс-қимылы. Елдің жалпы инвестициялық ахуалын одан әрі жақсарту, мемлекеттік инвестициялар мен тікелей инвестицияларды тарту бағдарламаларына сәйкес капиталдардың шетелдік рыноктарында жаңа инвестицияларды мақсатты тарту және ішкі инвестицияларды жұмылдыру жөнінде шаралар қолданатын болады.

Инвестициялық заңдарды, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласында жақсарту; инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесуге бағытталған ынталандырулар жүйесін қоса алғанда, экономиканың басымдықты



секторларына тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жетілдіру; инвесторлардың заңды құқықтарын қорғау; жеке меншік иелерінің құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

"Шетелдік инвестициялар туралы" және "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" қолданылып жүрген заңдардың базасында "Инвестицияларды мемлекеттік қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының бірыңғай Заңын әзірлеу аяқталады.

Үкімет өндірістік инфрақұрылымды, өндеу өнеркәсібін, тұрғын үйді, әлеуметтік сала, туризмді және ауыл шаруашылығы объектілерін, сондай-ақ Астана қаласының объектілерін дамытуға инвестициялар ағымының өсуіне ерекше мән береді.

Үкімет инвесторлармен диалогты және капиталдардың халықаралық рыноктарында жарнамалық-ақпараттық қызметті жандандырмақ ниетте. Ірі халықаралық инвестициялық самиттерді өткізу практикасын жалғастыруға, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің және құрамына мемлекеттік органдардың, шетелдік инвесторлардың және консалтингтік ұйымдардың өкілдері кіретін оның бірлескен жұмыс топтарының қызметіне ерекше назар аударылады.

Үкімет мемлекеттік инвестициялар саласында жобаларды даярлауға, талдауға, сараптауға және іріктеуге қойылатын талапты арттырмақ және реттемек ниетте.

Мемлекеттік инвестициялау саласындағы негізгі міндет - шектелген мемлекеттік және мемлекет тартатын қаражаттарды экономиканың басымдықты секторларына ұтымды және тиімді инвестициялауға қол жеткізу.

Ішкі жинақтар мен портфельді инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасай отырып, әлеуетті шетелдік инвесторлардың қаражатын жұмылдырудың және қайта бөлудің тиімді тетігі ретіндегі бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуі қамтамасыз етілетін болады. Қазақстандық ұйымдардың - мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттерінің акциялар мен облигациялар шығаруы инвестицияларды Қазақстанның экономикасына тартудың негізгі тетіктерінің бірі болуы тиіс. Нақты секторды одан әрі дамыту үшін бағалы қағаздар рыногын реттеу мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңдарға өзгерістер енгізілетін болады.

Үкімет Ұлттық Банкпен бағалы қағаздар рыногын дамыту жөніндегі 2001-2002 жылдарға арналған жаңа бағдарламалық құжат әзірлейтін болады.

Инвесторлардың корпоративтік бағалы қағаздардың эмитенттеріне - шаруашылық жүргізуші субъектілерге сенімін қамтамасыз ету үшін инвесторлардың алдында ақпараттарды жасырғаны үшін және бағалы қағаздар туралы заңдарды басқа да бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту жолымен

рәсімдердің ашықтығы қамтамасыз етіледі. Корпоративтік бағалы қағаздарға салымдардың тартымдылығын арттыру мақсатында трансферттік бағалар мәселесі, аффилиирлендірілген тұлғалармен қатынас заң жүзінде қайта қаралатын болады. Бұл қаражатты бөлу процесінде эмитенттерге тиімді мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Халыққа және шаруашылық жүргізуші субъектілерге бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуінің принциптері мен тетіктерін түсіндіру жөніндегі ақпараттық-насихат жұмыстары күшейтілетін болады.

### 3 . 5 . Сауда саясаты

Ой-ниет. Үкімет ырықтандырылған сыртқы сауда саясатын ұстанатынын растайды. Сауда саясаты елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне одан әрі тиімді түрде кірігуі қажеттігі тұрғысынан жүргізіледі. Сауда саясатының негізгі міндеті - экономиканы құрылымдық қайта құруға жәрдемдесу, ішкі рыноктың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті өндірістер құру және қазақстандық тауарлар мен қызметтер көрсетуді әлемдік рыноктарға жылжытуға жәрдемдесу, төлемдік және сауда теңгерімінің көрсеткіштерін жақсарту үшін сыртқы экономикалық байланыстарды барынша пайдалану болып табылады.

Үкіметтің іс-қимылы. Экспортқа бағытталған өндірісті дамыту, оларды жаңа рыноктарға жылжытудың есебінен дәстүрлі тауарларды сатудың көлемдерін арттыру, қосылған құны жоғары деңгейдегі өндірістердің үлесін арттыру мақсатында экспорттың құрылымын әртараптандыру, қазақстандық өнімдердің дүниежүзілік рыноктағы бәсекелестік қабілетін көтеру, сыртқы сауданың қаржылық, көліктік және ақпараттық инфрақұрылымдарын басым дамыту к ө з д е л е д і .

Үкімет тиімді маркетинг, көрмелерді ұйымдастыру, жарнамалық роликтерді, буклеттерді және т.б. шығаруды жүргізу жолымен өзінің параметрлері бойынша шетелдегі осындай тауарлардан кем емес немесе артық қазақстандық өнімдерді насихаттау жөніндегі қызметті жандандырады. Үкімет жаңа тауарлардың өндірісін игеру кезеңінде отандық тауар өндірушілерді қорғау, тұтыну рыногының теңдестірілуін қамтамасыз ету, экспорт пен импорттың құрылымын жақсарту үшін икемді кедендік-тарифтік жүйе құру жөніндегі жұмысты ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Сыртқы рынокта тауарлардың демпингіне жол бермеу, отандық тауар өндірушілерді қолдау және экспортты ынталандыру мақсатында тауарлардың экспортын жанама реттеу шаралары әзірленеді.

Отандық тауар өндірушілерді экономиканың стратегиялық маңызды

секторларында қолдау: демпингке қарсы, өтемақылық және қорғау шараларын қолдану; ішкі рынокта тең бәсекелестік жағдай жасау арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы сауданы реттеудің тарифтік және тарифтік емес шаралары жетілдірілетін болады, сондай-ақ Қазақстанның рыногына қазақстандық тауар өндірушілерге және тұтынушыларға зиян келтіретін импортқа қол жеткізуді қысқартуға ықпал ететін рәсімдер әзірленеді.

Үкімет импортты алмастыру және Қазақстан Республикасы өңдеуші өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағдарламасын әзірлейді.

Сыртқы және ішкі сауда саласындағы қатынастарды реттеу мақсатында Сауда туралы заң жобасы және сауда қатынастарын регламенттейтін заңға тәуелді актілер әзірленеді. Сауда саласындағы Қазақстан үшін қолайлы халықаралық келісімдер мен конвенцияларды бекіту және оларға қосылу рәсімдері жалғастырылатын болады.

Сыртқы экономикалық статистикаға қатысты қызмет көрсетулер бойынша зерттеудің қайта қаралған нысандары енгізілетін болады.

Дүниежүзілік саудада тең құқықты әріптестік жағдайларын қамтамасыз ету, шет елдермен экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін барынша ескере отырып, ДСҰ-ға кіру процесін жалғастырады.

Еуразиялық және Орталық Азия экономикалық қоғамдастықтарының елдерімен, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастығы ұйымының шеңберіндегі сауда саясаты тауарлар, қызмет көрсетулер мен капиталдар ортақ рыногының тиімді жұмыс істеуіне бағытталады. Үкімет заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді үйлестіруге, келісілген салық, ақша-несие, валюта-қаржы, сауда, кедендік және тарифтік саясат жүргізуге бағытталған жұмысты жалғастырады.

ТМД елдерімен сауда саясаты еркін сауда және сауда кедергілерін жою принциптеріне негізделеді.

Құрылымдық реформаларды қоса қаржыландыру, елдің абыройын нығайту және оның сыртқы экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанның тең құқықты әріптес ретінде түрлі халықаралық сауда-экономикалық одақтарға қатысуы үшін халықаралық қаржы ұйымдарымен және шетелдік мемлекеттермен ынтымақтастығы жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Ішкі сауда саласында тұтыну рыногында сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі шаралар күшейтіледі. Отандық тауар өндірушілердің өнімдерін өткізуді жақсарту мақсатында қазіргі заманғы көтерме сауда жүйесін құру ынталандырылатын болады.

Тұтыну тауарларының бәсекесін арттыру және бағаны арзандату үшін коммуналдық сауда рыноктарын құру көзделеді. Сауда рыноктарының

арасындағы және олардағы бәсекені дамытуды қамтамасыз ететін бақылау тетіктерін жасау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер қабылданатын болады.

### 3.6. Баға және монополияға қарсы саясат

Ой-ниет. Үкімет кәсіпкерлікке кеңістікті кеңейту үшін бәсекелестікті дамытуға және монополияға қарсы қатаң саясат жүргізуге бағытталған шаралардың кешенін жалғастырады. Экономиканың реттелетін секторындағы шығындардың құрамын бақылаудың негізінде байыпты тарифтік саясатты жүзеге асыру экономиканың тиімділігін арттырудың, отандық рыноктарды сапалы тауарлармен және қызмет көрсетулермен толықтырудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады.

#### Үкіметтің іс-қимылы

#### Бәсекелесті рынок саласында:

адал ниетті бәсекелестіктің принциптерін сақтайтын және өзінің үстемдікті жағдайын асыра пайдаланбайтын рынок субъектілерінің шаруашылық қызметіне б а р ы н ш а е р к і н д і к б е р у ;

тауар рыноктарындағы бәсекелестіктің жағдайын айқындау, шаруашылық жүргізуші субъектілерді-монополияшыларды анықтау, бәсекені дамыту үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында рыноктардың жәй-күйінің мониторингі;

басым жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз артықшылығын теріс пайдалануы фактілерін анықтау, баға мониторингін жүргізу. " Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Z010144\_ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында республикалық және аймақтық рыноктарда басым жағдайға ие субъектілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.

рынокта бірыңғай баға белгілеу, басқа субъектілерді рыноктан шеттету немесе оған кіруін шектеу жөніндегі мүмкін болатын картель келісімдерінің ж о л ы н к е с у ;

отандық тауар өндірушілер үшін тең құқықты жағдайлар жасау жолымен ішкі р ы н о к т а б ә с е к е н і д а м ы т у ;

бәсекелі ортаға жататын салаларды бөлу мақсатымен табиғи монополия саласында құрылымдық қайта ұйымдастырулар жүргізу;

мемлекеттік органдардың заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда рынок субъектілерінің шаруашылық қызметтеріне араласуын болдырмау;

тауар рыноктарында бәсекені қорғаудың ұйымдастырушылық және құқықтық н е г і з д е р і н н ы ғ а й т у .

Табиғи монополиялар қызметі саласында:  
жұмыс істейтін активтерге пайда ставкасын белгілеу тәртібі жөнінде  
әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;  
табиғи монополия субъектілерінің экономикалық қызметінің ашық болуын  
қамтамасыз ету, нәтижелері кейін жарияланатын аудиторлық тексерулерді жыл  
сайын міндетті түрде жүргізу;  
қызмет көрсетулердің (тауарлардың, жұмыстардың) жекелеген түрлеріне  
арналған бағалардың шекті деңгейін белгілеу;

табиғи монополияның субъектілерінің қызмет көрсетулеріне шығындарды  
жабуды және негізделетін пайда алуды қамтамасыз ететін негізделген бағалар (  
тарифтер) белгілеу;

салааралық, сала ішіндегі және аймақтық бағалық тепе-теңдік пен  
баланстарды сақтау;

шығындарды оңтайландыру, өндіріске ағымдық шығындарды төмендетуге  
бағытталған инвестициялық бағдарламаларды көтермелеу, ұсынылатын қызмет  
көрсетулердің тиімділігі мен сапасын арттыру;

табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге  
төмендеткіш коэффициенттер белгілеу жөніндегі тәртіпті әзірлеу және  
практикаға енгізу.

Аймақаралық және аймақтық деңгейлердегі желілер бойынша электр  
энергиясын тасымалдауға арналған тарифті есептеудің әдіснамасы өзгеріледі.  
Бұл электр энергиясын отандық өндірушілерден сатып алуға және электр  
энергиясының импортынан бас тартуға ықпал етеді. Тұтынушылар топтары  
бойынша электр және жылу энергияларын босату тарифтерін негізсіз саралау  
тоқтатылатын болады.

Темір жол көлігіндегі тарифтік саясатты жетілдіру өнімнің бағасындағы  
көліктің құрамдас бөлігінің үлесіне қарай және маусымдық факторлар ескеріліп  
жүзеге асырылады.

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
құрамынан табиғи монополия саласына жатпайтын бірқатар құрылымдық  
бөлімшелерді, әлеуметтік саланың объектілерін бөліп шығаруды көздейтін Темір  
жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасы қабылданады, мұның өзі темір жол  
тасымалдарымен сабақтас салалардағы бәсекені дамытуға алып келеді және  
темір жол көлігіндегі кәсіпорындардың экономикалық қызметінің ашық  
жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен бір мезгілде, тұтынушылардың кейбір санаттары үшін абоненттік

төлемдерді ішінара өтеу тетігін енгізе отырып, 2005 жылға қарай телефон байланысы қызметтері тарифтерінің деңгейін олардың көрсетілуінің шығындарын жабатын деңгейге дейін кезең-кезеңімен көтеру басталады. Телекоммуникациялар рыногын ырықтандыру мақсатында жергілікті телефон сөйлесулерін есептеуіштердің көрсеткіштері бойынша төлей отырып, құнын уақыты бойынша есептеу жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

### 3.7. Өнеркәсіп саясаты

Ой-ниет. Үкімет өнеркәсіп өндірісінің өсуі, импорт алмастыру саясатын іске асырудың және сараланған қадамдары мен қолдау тетіктері бар экспортқа бағдарланған өндірісті ынталандыру негізінде ішкі және сыртқы рыноктар қажеттіліктерін қамтамасыз ететін кәсіпорындарды дамыту үшін жағдай ж а с а й д ы .

Үкіметтің іс-қимылы. Үкіметтің индустриалды (өнеркәсіптік) саясаты тұжырымдамасының негізгі бағыттары отандық тауар өндірушілерді қорғау, салыстырмалы бәсекелі артықшылықтары бар экспортқа бағдарланған өндірістерді ынталандыру, әлемдік деңгей стандарттарының жүйесін құру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру болады.

Үкімет шетелдік және отандық инвесторларға басқаруға берілген кәсіпорындар бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына экспорттаушы-кәсіпорындардың бағаларын әлемдік рыноктың бағаларымен теңестіру жөніндегі шаралардың іске асырылуына қатаң мониторингті жүзеге асырып және жекелеген кәсіпорындар мен салаларды дамыту проблемаларына өзі белсене қатысатын болады.

Кәсіпорындардың арасындағы өзара есеп айырысулардағы баспа-бас айырбастың үлесін қысқарту, кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, клиринг, борыштық міндеттемелер рыногын ұйымдастыру, банкроттық және басқалар сияқты құралдарды қолдану арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара қарыздарын жою проблемаларын шешу жөнінде шаралар қ о л д а н а т ы н б о л а д ы .

Мемлекеттік инновациялық саясат шеңберінде отандық эзірленімдер базасында бәсекеге қабілетті импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өнім шығаруды қамтамасыз етуге бағытталған өндірістерді технологиялық жаңғырту және әртараптандыру жоспарланып отыр. Перспективасыз кәсіпорындар кейіннен олардың базасында шағын және орта инновациялық ғылымды қажет ететін өндірістер құрыла отырып, банкроттыққа және бөлшектеуге ұшырайтын болады.

Қазақстандық тауарлар мен қызметтер көрсетуді шетелдік рыноктарға

жылжытуды қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық кәсіпорындарда әлемдік стандарттар талаптарына сай келетін сапаны басқару жүйесі енгізілетін болады.

Оларда аса ауқымды авариялар мен апаттардың пайда болуының алдын алу мақсатында өнеркәсіп объектілерінің қауіпсіз жұмысы саласында заң және нормативтік құқықтық актілердің кешені әзірленеді.

Мұнайхимия және мұнайгаз өнеркәсіптерінде мұнайгаз өңдеу өндірісін оздыра дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады. Мұнай мен ілеспе газды қайта өңдеудің көлемдері мен тереңдіктерін арттыру үшін мұнайгаз кәсіпорындарын дамытуға инвестициялар тарту алда тұр.

Республикалық өндіріс құралдары және халық тұтынатын тауарлар рыноктарын молықтыру, республиканың экспорттық әлеуетін кеңейту үшін өзінің көмірсутегі шикізатының базасына негізделген және оны өнімдердің түпкілікті жоғары технологиялық және ғылымды көп қажет ететін түрлеріне қайта өңдеуді қамтамасыз ететін мұнайхимия кешенін қалыптастыру жалғастырылады. Мұнай өнімдері өндірісін реттеудің жекелеген элементтері жүзеге асырылады. Отандық бизнестің ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысуын көздейтін Каспийді дамыту бағдарламасы қабылданатын болады.

Тау-кен металлургия өнеркәсібінде жер қойнауын пайдалануды, запастарды пайдалануға дайындауды, компания басқарушыларының тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын инвестициялау, руда өндіру және металдар өндірісі жөніндегі жаңа технологияларды енгізу, сондай-ақ дайындық деңгейі неғұрлым жоғары өнімдер өндіруді ұйымдастыру жөніндегі міндеттемелерін орындауын бақылау қатайтылатын болады.

Үкімет компанияларды басқарушылардан металдардың Лондондық биржасында мырыштың және мыстың сапасын аталған металдарды дүниежүзілік бағалар бойынша сатуға мүмкіндік беретін тіркеуді қамтамасыз етуді талап етеді.

Химия өнеркәсібін дамыту мақсатында химия және мұнай-химия өнеркәсібін қалпына келтіру және дамыту Бағдарламасы іске асырылатын болады. Өсімдік шикізатының негізінде өз шикізат ресурстарын, микробиологиялық қорғау құралдарын биопестицидтерді әзірлеудің базасында минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын ірі ауқымда өндіруді ұйымдастыруды ынталандыруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдары рыногында жетекші жағдайды қалпына келтіру және жеңіп алу жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады.

Қазақстандық көмірсутегі шикізатының базасында полимер өнімдері өндірісін, сондай-ақ басқа да өндірістерді инвестициялау үшін тартымды

жағдайлар жасау бөлігіндегі жұмыс жалғастырылады.

Уран өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін отандық кәсіпорындардың Ресей мен Украинаның тектес кәсіпорындарымен ядролық-отындық циклды қалпына келтіру жөніндегі кооперациясына байланысты іс-шаралар іске асырылатын болады. Бірлескен ғылыми әзірленімдердің есебінен уран өнімдерінің жаңа түрлерін алу үшін қазіргі заманғы технологияларды енгізу жоспарлануда. Уран экспортының географиясын кеңейту мәселесі пысықталатын, дайындалуы неғұрлым жоғары өнімді шығара отырып, берилий мен тантал өндірісін одан әрі дамыту жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Машина жасауды дамыту ауыл шаруашылығының жабдықтар мен техника жөніндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге; қазақстандық армия үшін және ТМД мемлекеттеріне және басқа да елдерге экспортқа қару-жарақ жасауға; мұнай өндіру, тау-кен, байыту және металлургиялық жабдықтарды, сондай-ақ ел өнеркәсібінің басқа да салалары үшін машиналар мен жабдықтарды өндіруге бағытталатын болады. Отын-энергетикалық, тау-кен металлургия және көліктік кешеннің импортты алмастыру саясатын іске асыру жөніндегі шаралардың шеңберіндегі отандық кәсіпорындардағы мердігерлікпен тапсырыстарын орындау қамтамасыз етіледі.

Электроника мен тұрмыстық электр техникаларын шығаруды ұйымдастыру мақсатында электрондық және электротехникалық саланы дамыту бағдарламасы жүзеге асырылады.

Бәсекеге қабілетті тауарлар шығару жөніндегі жаңа өндірістерді құру мақсатында өңдеу өнеркәсібіне тікелей инвестициялардың ағынын арттыру үшін шаралар қабылданып болады.

### 3.8. Ауыл шаруашылығы

Ой-ниет. Ауыл шаруашылығы секторындағы мемлекеттік саясат бәсекелестік қабілетті, елдің азық-түлік қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін өнімді өндіретін тиімді салаларды қолдауға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлерін өндіруді тұрақтандыру үшін жалпы экономикалық жағдайларды қалыптастыруға құрылатын болады.

Республикада жер жөніндегі заңдарды және жер қатынастарын жетілдіруге, жер рыногын дамытуға, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеудің нормативтік құқықтық базасы мен жүйесін құруға және жетілдіруге бағытталған жер реформасы жалғастырылатын болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Агроөнеркәсіптік кешенде экономикалық өсуді



камтамасыз етуді және қаржылық-тұрақты ауыл шаруашылығы өндірушілерін қалыптастыру мақсатында, 2000-2002 жылдарға арналған ауыл шаруашылығын дамытудың бағдарламасын іске асыру жалғастырылады.

Үкіметтің ауыл шаруашылығы саласындағы қызметінің негізгі бағыттары бәсекелестік қабілетті салалар өндірісін ынталандыру, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі және сыртқы өткізу рыноктарының сыйымдылығын кеңейту, ауыл экономикасын қаржылық сауықтыру, лизингтік қатынастарды дамыту болады.

Үкімет ауылда нарықтық реформаларды одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін камтамасыз ету бағдарламасы әзірленетін болады. Төтенше жағдайлардың орын алуына арналған мемлекеттік азық-түліктік астықтың резервін жаңалау, мемлекеттік тұқымдық және жемшөп астығы ресурстарын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу көзделеді, елдің элеваторлары мен астық ресурстары қозғалысының мониторингі қызметін лицензиялау жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады. Мемлекеттің астықты сатып алуға және өткізуге одан әрі қатысуы мемлекеттік ресурстарды пайдаланумен және жаңартумен ғана байланысты болады.

Астық шаруашылығының тұрақтылығын арттыру негізінен өндіріс дақылдарын арттырудың есебінен, оның ішінде технологиялық тәртіпті сақтаудың, шаруашылық жүргізудің экономикалық әдістерін енгізудің, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын ұтымды пайдалану есебінен жүретін болады.

Селекцияны және тұқым өсіруді одан әрі дамыту өсіп-өну мерзімдері әртүрлі, өсу тұрақтылығына, тез пісуге, жоғары өнімділікке және жақсы технологиялық сапаға икемді сорттарды өндіріске енгізуге бағытталатын болады.

Мал шаруашылығында ірі қалалар айналасында Сүт өндірісін дамыту бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады. Мал тұқымын асылдандыру ісін қолдау бағдарламасы негізінде өнімділікті ұлғайту жолымен отандық мал шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілетін арттыру, сондай-ақ қайта өңдеу технологиясын жетілдіру жүзеге асырылатын болады, бұл ішкі рынокты сапалы өніммен толықтыруға және сыртқы рынокқа шығуға мүмкіндік береді. Мал шаруашылығы өнімін сатып алу және экспорттау жөнінде мемлекеттік компания жұмыс істей бастайтын болады.

Таяу жылдарға арналған техникалық саясаттың міндеттері астық жинау техникасы паркін бірте-бірте жаңартуға, оның сервистік қызмет көрсетуін бірегейлендіруге саяды. Селоны техникалық қайта жаратқандыру негізінен алғанда лизингтік қатынастарды дамытудың негізінде жүзеге асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің несие ресурстарына қол

жетімділігін қамтамасыз ету ауылдық несиелендіру серіктестіктерін құру жолымен жүзеге асырылады. Аграрлық секторды несиелендіру ауқымын кеңейтуге кепіл құралы ретінде "астық қолхаттары" институтын енгізу ықпал ететін болады. Аграрлық секторды несиелендіру үшін сыртқы заемдар мен екінші деңгейдегі банктердің қаражаты тартылады.

Пайдаланушылар ауыл шаруашылығы өнімінің аймақтық және сыртқы рыноктары туралы ақпарат алатын ауыл шаруашылығы өндірісінің бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Экспорттық-импорттық саясатты жүзеге асыру кезінде республикада шығарылмайтын ауыл шаруашылығы техникалары мен оларға қосалқы бөлшектерге, тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарына бажсыз әкелу қолданылатын болады.

Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру және суармалы жерлер тиімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын мемлекеттік субсидиялау жалғастырылады.

Республикада дәнді дақылдар тұқымын өсіру әр облыста қабылданған егіншіліктің аймақтық жүйесіне сәйкес жүргізілетін болады.

Сумен тұрақты қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін суарудың су үнемдеу технологиясын енгізу, су пайдаланушылардың өздерінің ирригация және мелиорацияның жағдайына, гидромелиорациялық жүйелерді ұстауына және пайдалануға, суармалы жерлер мониторингін жақсартуға жауапкершілігін арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Нарықтық жағдайларға икемделген суармалы егіншілікті және суды ұтымды пайдалануды дамытудың тұжырымды негіздері әзірленетін болады.

Жер учаскелерінің кепілі және жерді пайдалану құқығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілетін болады.

Кейін жерге құқықтарды әділет, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалықтарының жер учаскелеріне арналған құқығын куәландыратын құжаттарды қайта тіркеу және жерді пайдалану құқығы шартты жер үлестерінің есебінен қалыптастырылған мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы ұйымдары органдарында тіркеу үшін оларға құқығын белгілейтін құжаттарды беру арқылы шаруа (фермерлік) қожалықтарды жүргізу үшін берілген жер учаскелерінің шекараларын техникалық ресімдеу процесі аяқталады.

### 3.9. Ғылым мен технология

Ой-ниет. Республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін нығайту, жоғары технологиялы өнімдердің экспортын бейімделген, ғылымды көп қажет ететін, ресурс үнемдейтін және экологиялық жағынан таза жоғары технологияларды әзірлеуге бағытталған зерттеулерді дамыту, ғылым мен жаңа технологияны, инновациялық қызметті дамытуға, экономиканың шикізаттық бағытын технологиялыққа кезең-кезеңмен өзгертуге, осы мақсаттар үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға дәлелді жағдайлар жасау.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет алға қойған міндеттерді іске асыру үшін инновациялық және ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізінде ғылыми-техникалық саланы басқару жүйесін жетілдіруге ниеттенуде.

Осыған байланысты ғылыми-техникалық саланың жұмыс істеуінің, оның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, оларды конкурстық іріктеу және сату, санаткерлік меншік құқықтарын қорғау, инновациялық қызметті жандандыру саласында нормативтік құқықтық база жетілдірілетін болады.

Дүниежүзілік ғылымды дамыту мен ең жаңа технологиялардың ғылыми негіздерін әзірлеудің қажеттігі үрдістеріне сәйкес:

іргелі зерттеулер бағдарламаларын және тиісті ғылыми ұжымдарды отандық тауар өндірушілерге әлемдік тауар рыногында өз орнын қамтамасыз ететін принципті түрде жаңа технологиялар жасауға бағдарлау;

экономиканың базалық саласының қажеттіліктерін ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуге арналған қолданбалы зерттеулердің бірінші кезекті бағытталуын қамтамасыз ету;

қызметтің бейінін сақтай отырып, ғылыми-технологиялық саланың жекелеген объектілерін қайта құрылымдау мен жекешелендіруді жалғастыру;

ғылымды көп қажет ететін жаңа өндірістерді ұйымдастыру, ғылыми-технологиялық және басқа да салаларда "зерттеу - әзірлеу - кадрларды даярлау - өнеркәсіптік игеру" бірыңғай ғылыми-өндірістік циклына көшуге мүмкіндік беретін инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

ғылымды көп қажет ететін өндірісті ұйымдастыруға және дамытуға, ресурсты үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды, соның ішінде қайталама шикізаттар мен қалдықтарды қайта өңдеу кезінде, енгізуге инвестициялар тарту маңызды.

Үкімет ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша кадрлық әлеуетті сақтау мен дамытуға, және жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мен аттестациялауға айрықша назар аударады.

Ой-ниет. Өнеркәсіптің, денсаулық сақтаудың, демалыс пен туризмнің неғұрлым маңызды объектілерін жобалау мен құрылысын салу жөніндегі міндеттерді оңтайлы шешуді қамтамасыз ету. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жүйесін жасау. Тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту, толыққанды тұрғын үй рыногын қалыптастыру.

Үкіметтің іс-қимылы. Мемлекеттік қала құрылысы саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасының негізінде Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу басталады. Елдің аумағында мемлекеттік қала құрылысы кадастрын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Жобалаудың және құрылыстың нормативтік базасын халықаралық нормалармен үйлестіру үшін жетілдіруге, ТМД елдерінің құрылыстағы стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссиясының шеңберінде және Біріккен Ұлттар Ұйымының елді мекендер жөніндегі орталығымен және оның аймақтық бөлімшелерімен интеграцияны күшейтуге бағытталған шараларды іске асыру жоспарланады.

Үкімет пен Ұлттық Банк халықты қол жетімді ставкалар бойынша ипотекалық несиелендіруді, оның ішінде тұрғын үйді кейін сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалға беруді дамытуды ұйғарды. Жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен бөлінетін ипотекалық несиелер бойынша проценттік сыйақының төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Құрылыс жинақтары жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобалар әзірленетін және енгізілетін болады. Табысы орташа халықтың кең ауқымы үшін қол жетімді тұрғын үйлердің үлгі жобаларын әзірлеу көзделіп отыр.

Отандық құрылыс компанияларын қолдауға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Меншікті пәтерлер кооперативінің (МПК) қызметін реттеуді жетілдірудің негізінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты реформалау жалғастырылатын болады. Ол орынды жерлерде коммуналдық жылу энергетикаларын дербес жылыту жүйелеріне одан әрі көшіру, сондай-ақ су мен жылу жеткізгіштерді есептеу аспаптарын одан әрі енгізу көзделіп отыр.

Құрылыстың стандарттарын және мемлекеттік нормативтерін сақтау, құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау мақсатында, сондай-ақ тұрғын үй қорының және азаматтық мақсаттағы объектілердің техникалық жағдайын бақылауды қамтамасыз ету үшін осы салаларда мемлекеттік қадағалау күшейтілетін болады.

### 3.11. Шағын кәсіпкерлік

Ой-ниет. Елдің экономикасын нығайтуды, халықты жұмыспен қамтуды және оның өмір сүру деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлік секторын одан әрі кеңейту.

Үкіметтің іс-қимылы.

Үкімет, ең алдымен, өзінің қызметін өндірістік саланы серпінді дамытуды қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіруге бағыттайды.

Жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін несие ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін шарттар жасау жолымен шағын бизнесті несиелендіру проблемаларын шешу жөніндегі іс-қимыл қабылданатын болады.

Осы мақсатта Үкімет іске асыру, оның ішінде мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын шағын кәсіпкерлікті қаржылай қолдаудың орта мерзімді бағдарламасын әзірлейді.

Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту үшін қолайлы жағдай жасалатын, тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі аз өндірістерді қайта ұйымдастыру мен бөлшектеу кезінде мүліктік кешендерді, технологиялар мен жабдықтарды қалыптастыру және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру жөніндегі негізгі бағыттар айқындалатын болады.

Шағын бизнесті дамытуды жандандыру үшін Үкімет шағын кәсіпорындардың істеріне мемлекеттің араласуын мейлінше азайтады, әкімшілік кедергілерді жоюға ықпал ететін болады. Кәсіпкерлік қызметті лицензиялау рәсімдері жетілдірілетін, сертификаттау, әр түрлі үлгідегі рұқсат беру, аккредитациялау рәсімдері мен өзге де нормалар мен ережелер жеңілдетіледі. Үкімет шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бизнесті тіркеуге байланысты рәсімдерін бір органда өткізе алатын тетікті енгізуге кіріседі.

Үкімет нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырады, заңнамалық және нормативтік актілерді оңайлатуға және заңдарда сілтеме сипаттағы нормаларды қысқартуға ықпал ететін болады. Мемлекеттік сатып алу жүйесі жетілдірілетін болады, мемлекет сатып алуды шағын кәсіпкерлік субъектілерінен жүзеге асыратын тауарлар мен қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерінің тізбесі айқындалады.

Кәсіпкерлік қызметті қолдау және оның жаңа нысандарын дамыту мақсатында франчайзинг туралы заң жобасы әзірленетін болады.

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің заң шығару бастамасы арнайы іріктеудің негізінде анықталған олардың ең жақсыларына гранттар бөлу жолымен көтермеленетін болады.

Белгіленген шараларды іске асырудың нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілерінің қатарын өсіру, жаңа жұмыс орындарын құру, шағын бизнес саласында жұмыс істейтіндердің санын көбейту, нақты бәсекелестік ортаны құру, қоғамның орташа табының негізі ретінде меншік иелерінің қалың жігін қалыптастыру күтілуде.

### 3 . 1 2 . Туризм

Ой-ниет. Елдің туристік кешенін жақсарту, сырттан келулер және ішкі туризмді дамытуды бюджеттің кіріс бөлігін толтырудың, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің негізгі көздерінің бірі ретінде ынталандыру.

Үкіметтің іс-қимылы. Қазақстанда туризмнің пайдаланылмаған мүмкіндіктерін және оның экономиканың басқа салаларының дамуына ықпалын ескере отырып, "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілді мемлекеттерді сақтау және сабақтастықпен дамыту, туризмнің инфрақұрылымын жасау" U983859\_ мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін жағдайлар жасалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленетін болады.

Үкімет халықаралық туристік ұйымдармен, шет мемлекеттермен және компаниялармен ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге бағытталған жұмысты жандандырады; салаға шетелдік және отандық инвестицияларды тартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейтеді; Қазақстанның дүниежүзілік туристік рыноктағы "орнын" айқындау мақсатында талдау мен маркетингтік зерттеулер жүргізеді. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларға ерекше назар аударылады.

Үкімет нормативтік құқықтық актілер мен ақпараттық-статистикалық базаны жетілдіру, туристік қызмет стандарттарының халықаралық талаптарға сәйкес келетін жүйесін құру жөнінде шаралар қабылдайды.

Құрылатын ақпараттық-әдістемелік орталықтардың базасында туризм мен қонақ үй шаруашылығы саласында қазақстандық мамандарды даярлауға және қайта даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Экологиялық туризмнің объектілерін зерделеу және теңгерімді пайдалану бағдарламасы іске асырылатын болады.

### 3 . 1 3 . Аймақтық даму

Ой-ниет. Орталық және жергілікті басқару органдарының әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізудегі тиімді өзара іс-қимылын, тиісті құқықтары мен қаржылық қамтамасыз етілуі бар аумақтық өзін-өзі басқару

принциптерін дамытуды қамтамасыз ету.

Үкіметтің іс-қимылы. Барлық деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру мен атқарудың қолданыстағы жүйесін жетілдіруді қолға алу алда тұр.

Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Аймақтарды дамыту "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдардың халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізудегі, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтудағы, әлеуметтік саланы дамытудағы және салауатты өмір салтын енгізудегі, табиғи ресурстарды теңгерімді пайдаланудың және қоршаған ортаны сауықтырудың аймақтық бағдарламаларын жүзеге асырудағы, жергілікті маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтарды құрудағы рөлі артады. Әлеуметтік көмектердің мөлшерлері мен түрлерін белгілеу бөлігінде әкімдердің өкілеттігін кеңейту көзделіп отыр.

Жергілікті атқарушы органдарға: кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес; шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, аймақтық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру міндеттерін шешу мен олар үшін жауаптылық жүктелді.

Осы орайда аймақтық мамандандыру күшейтілетін және әкімдердің инвестицияларды тартуды, өндірісті жаңғырту мен жана құрылыстар салуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға жауапкершілігі арттырылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдар Үкіметпен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен әрекетсіз өндірістерді қайта құрылымдауды мен саралауды, дәрменсіз кәсіпорындарды таратуды және банкроттығын қамтамасыз етеді.

Отандық тауар өндірушілерді, атап айтқанда шағын және орта бизнестің субъектілерін қолдау жолымен аймақтық рыноктарда бәсекелестікті дамыту саясаты жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту ауыл шаруашылығы өнімдерінің қолайлы түрлерін өндірудің орындылығы мен тиімділігі принципіне сүйеніп құрылады. Мемлекеттік қолдау көрсетілетін басым салаларға: астық өндірісі ( Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстары, Павлодар облысының Ертіс ауданы, Ақтөбе облысының солтүстік аудандары және күріш бойынша Қызылорда облысы), майлы дақылдарды өндіру (Шығыс Қазақстан облысы), мақта өсіру (Оңтүстік Қазақстан облысы) жатады.

Аймақтардың халқын ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімдерімен қамтамасыз ету аймақтық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Республиканың облыс орталықтары мен ірі қалаларында бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту мекемелері, сондай-ақ қорғансыз балаларға арналған паналар құрылатын болады.

Күйзеліске ұшыраған ауылдық аудандарды дамыту проблемаларын шешу үшін Үкімет және жергілікті атқарушы билік органдары инвестицияларды тартуға, шағын кәсіпкерлікті қолдауға, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелерін шешуге жәрдемдесетін болады. Әкімдер коммуналдық меншік объектілеріне тиімді билік ету жөніндегі жұмысты жүргізетін болады.

Аумақтардың индикативтік жоспарларында аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының, соның ішінде заттай білдірілген, болжамдық көрсеткіштері белгіленеді.

Жергілікті бюджеттер неғұрлым көл шамада аймақтық экономиканың жай-күйіне байланысты болады. Үкімет жұмыс күшінің, капиталдың және инвестициялардың еркін қозғалысын ынталандыра отырып, еңбек рыноктарында және инвестицияларда аймақаралық бәсекелестікті күшейтпек ниетте.

Эксперимент тәртібімен 2001 жылы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерде (ауылдық (селолық) округтерде, ауылдарда (селоларда), кенттерде) әкімдер сайлауы өтеді.

Үкімет әкімдермен бірлесіп аймақтарда мынадай шараларды жүзеге асырады:

Ақмола облысы. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу индустриясын дамыту, ауыл шаруашылығының астық, ет-сүт өнімдерін өндірумен байланысты салаларын мамандандыру көзделіп отыр. Минералдық тыңайтқыштар өндірісі, алтын өндіру мен қайта өңдеу жөнге қойылатын болады. Топтық су құбырларын оңалту; туризм мен спорт индустриясын дамыту; рудниктерді консервациялау мен жою, техногендік уран қалдықтарын көму; су тазалау станцияларын қайта жаңарту көзделіп отыр.

Ақтөбе облысы. Мұнайгаз, химиялық, қара металлургия, хром рудасын өндіруді дамытуды жүзеге асыратын болады. Көмірсутегі шикізатын, сондай-ақ қатты пайдалы қазбаларды іздестіру, әзірлеу, өндіру және қайта өңдеу, селоны газдандыру жөніндегі объектілердің құрылысын салу жалғастырылады. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, металл өңдеу, аспап жасау кәсіпорындарының, құрылыс материалдары өнеркәсіптерінің, жеңіл өнеркәсіптің қызметін қайта жаңарту жөнінде шаралар қолданылатын болады. Өз энергетикалық қуаттарын дамытуға бағытталған шараларды іске асыру жалғастырылады. Ауыл шаруашылығы секторында егіс алаңдарының құрылымдарын оңтайландыру және мал басын өсіру, агроөнеркәсіптік кешен мен тамақ өнеркәсібінің қайта өндіру салаларын дамыту жөніндегі шаралар жүзеге асырылады. Батыс Қазақстанның республиканың солтүстік және орталық аймақтарымен тікелей көліктік қатынасын қамтамасыз етуге арналған шараларды



іске

асыру

басталады.

Алматы облысы. Өнеркәсіпті қайта өңдеу кәсіпорындарын басымдықпен дамыту, тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау, өткізу нарығын кеңейту, шағын кәсіпкерлікті, туризмнің инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру, кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөнінде шаралар қабылданатын болады. Облыс орталығы - Талдықорған қаласы одан әрі дамытылады.

Атырау облысы. Мұнайгаз өндіру мен мұнайды қайта өңдеудің көлемін арттыру, мұнай машиналарын жасауды, құрылыс материалдары өндірісін, балық және тамақ өнеркәсібі өнімдерін дамыту көзделіп отыр. Атырау МӨЗ-н; Атырау қаласы әуежайының ұшу-қону алаңын жөндеу белгіленіп отыр; көліктік, бірінші кезекте мұнай құбыры, инфрақұрылымдарын дамыту; автомобиль жолдарын жөндеу ұйғарылып отыр. Ауыл шаруашылығы одан әрі дамытылады. Мал шаруашылығында табынды жылқы өсіру мен түйе өсіру неғұрлым жеделдетілген қарқынмен дамытылатын болады. Қой шаруашылығында еділбай және қаракөл қойларының өнімділігін одан әрі жақсарту, етті-майлы қаракөл қойының шығарылған жаңа түрінің өнімдік көрсеткіштерін арттыру жөніндегі селекциялық асылдандыру жұмысы жүргізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы. Түсті металлургияның өндіруші және қайта өңдеуші кәсіпорындарының қуатын одан әрі дамыту, олардың шикізат базасының өсуі, геологиялық барлау жұмыстары; машина мен аспаптар жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, мұнай жабдықтары өндірісін, құрылыс материалдарының индустриясын кеңейту көзделіп отыр. Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі дамытылатын болады. Аграрлық секторда жармақты (тары, қарақұмық бұршақ, сұлы), майлы (күнбағыс) дақылдарын өндіру, мал шаруашылығында - етті және сүтті мал өсіру, биязы және қылшық жүнді қой өсіру, құс өсіру және марал өсіру дамытылатын болады. Май сығу зауытын қайта жаңартуды аяқтау көзделіп отыр. Туризм мен демалыстың, соның ішінде Жібек жолының қазақстандық учаскесінде, индустриясын дамыту белгіленуде.

Жамбыл облысы. Өнеркәсіптен тау-кен және химия салаларын одан әрі дамытуды; машиналар мен жабдықтар өндірісі бойынша металл өңдеу кәсіпорындарын; жеңіл, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсіптерін қалпына келтіруді және дамытуды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Экологиялық жағдайды сауықтыру, шалғайдағы елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету белгіленуде. Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризмнің инфрақұрылымын дамыту жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы салалары одан әрі дамытылады, қант қызылшасы, астықтыққа жүгері егуді едәуір кеңейту, қаракөл өсіруді қалпына келтіру, тұқым өсіру мен мал тұқымын

асылдандыру ісін жақсарту үшін жағдай жасау алда тұр.

Батыс Қазақстан облысы. Мұнайгазхимия кешенін, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, қорғаныс кәсіпорындарында машина жасау өнімдері өндірісін дамытуды жеделдету көзделіп отыр. Қарашығанақ газ-конденсат кен орнын игеру және селоны газдандыру жалғастырылады. Жайылымдық мал, атап айтқанда етті-майлы қой, табынды жылқы және етті ірі қара мал өсіру одан әрі дамытылады.

Қарағанды облысы. Базалық салалар, соның ішінде жылу-энергетикалық кешен мен металлургия, түсті және қара металдардан жасалған өнімдер өндірісі дамытылатын болады. Химия өнеркәсібі мен машина жасауды, тамақ және жеңіл өнеркәсіпті, күрделі тұрмыстық техникаларды; ауыл шаруашылығында - етті-майлы қой өсіруді, етті ірі қара мал өсіруді және табынды жылқы өсіруді дамыту көзделіп отыр. Туризм мен демалыс индустриясын дамыту белгіленуде.

Қызылорда облысы. Энергетикалық кешенді, жеңіл, тамақ және мұнай өндіру өнеркәсібін, құрылыс материалдары индустриясы мен өндірістік инфрақұрылымдарды дамыту, қарқынды технологияларды енгізудің есебінен күріш өндіруді арттыру және етті-майлы қой өсіру мен қаракөл өсіруді дамыту, Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризмнің инфрақұрылымын дамыту көзделіп отыр. Қорғасын-мырыш кен орындарын игеру мен ауыл шаруашылығы машиналары үшін жабдықтар шығару белгіленуде. Аймақтағы экологиялық жағдайды сауықтыру басым бағыттардың бірі болады.

Қостанай облысы. Темір рудасын өндіру мен қайта өңдеуді арттыруға, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласында, атап айтқанда астық өндіруде, етті-сүтті мал, табынды жылқы, шошқа және құс өсіруде өндірісті кеңейтуге ықпал ететін шаралар қолданылатын болады.

Маңғыстау облысы. Отын, химия және мұнайхимия өнеркәсібін одан әрі дамыту МАЭК-ті қайта жаңарту және жаңғырту, жер қабаттарының мұнай беруін арттырудың ең жаңа әдістерін енгізу, қазіргі заманғы көліктік инфрақұрылымдарды құру, теңіз кәсіпшілігі өнімдерін өндіруді арттыру, мұнайгаз кен орындарын жайластыруды кеңейту жалғастырылады. Ақтау теңіз портын қайта жаңарту, балық тоңазытқышының құрылысын салу және минералдық тыңайтқыштар өндіру жөніндегі қуаттарды жаңғырту аяқталады. Ұлутасты, мал азығындық ұн өндіруді қалпына келтіру көзделіп отыр. Ауыл шаруашылығында түйе, қаракөл, етті-майлы қой өсіру дамытылады. Туризм мен демалыс индустриясын, соның ішінде Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесінде, дамыту көзделіп отыр.

Павлодар облысы. Электр энергиясын, көмірді өткізу рыноктарын одан әрі кеңейту, энергия сыйымдылығы үлкен өндірістерді дамыту, глинозем, феррокорытпа өндіруді одан әрі дамыту, мұнай өңдеу зауытының, көмір

разрездерінің өндірістік қуаттарын жұмыспен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Аграрлық секторда жарма (тары, қарақұмық, бұршақ, сұлы), майлы (күнбағыс) дақылдарды өндіру, мал шаруашылығында - етті-сүтті ірі қара мал мен етті-майлы қой өсіру дамытылады.

Солтүстік Қазақстан облысы. Мемлекеттік конверциялық бағдарламалардың базасында машина жасауды, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, аспаптар жасауды және көбіне ғылымға сүйенетін өндірістің жекелеген түрлерін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар жүзеге асырылады. Астық дақылдарын өндірудің, етті-сүтті ірі қара мен шошқа өсірудің көлемін арттыру көзделіп отыр. Уран руднигін консервациялау мен жою және техногенді уран қалдықтарын көму жөніндегі жұмыстар жалғастырылады. Топтық арналық су құбырларын қалпына келтіру және қайта жаңарту жолымен селолық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кең қанат жаятын болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы. Жеңіл және тамақ, химия мен мұнайхимия өнеркәсіптерін, түсті металлургияны, машина жасауды, сондай-ақ мақта өсіру мен жүзім өсіру сияқты ауыл шаруашылығының негізгі салаларын, Жібек жолының қазақстандық учаскесінде туризмнің инфрақұрылымын одан әрі дамыту көзделіп отыр. "Қызыл әскер - Киров" көпірі мен автомобиль жолының құрылысын салуды 2001 жылдың аяғына дейін аяқтау белгіленді.

Астана қаласы. Қаланы одан әрі дамыту "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" U010574\_ мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту, астық жинау және мал азығын жинау комбайндарын, астық өңдеу техникаларын шығаруды ұйымдастыру көзделіп отыр. Астананың тыныс-тіршілігі мен жайластырылуын қамтамасыз ететін объектілерді жаңғырту, тұрғын үйлердің құрылысын салу, инфрақұрылымдар мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді қайта жаңарту жөніндегі шаралардың кең кешені жүзеге асырылатын болады. Туризм мен демалыс индустриясын дамыту белгіленді. Қаладағы халықаралық әуежайдың құрылысын салу жалғастырылады. 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап Астана қаласының сол жақ жағалауын салу үшін арнайы экономикалық аймақ жұмыс істей бастайтын болады.

Алматы қаласы. Құрылған ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетті барынша пайдаланудың, қаржы және банктік саланы, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялаудың негізінде машина жасаудың жетекші салаларын, қызмет көрсету мен туризм саласын дамытудың негізінде қаланы одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамыту, сондай-ақ Алматы әуежайындағы жаңа жолаушылар терминалының құрылысын салу жүзеге асырылатын болады. Қаланы аймақтық Орта Азиялық қаржы орталығы ретінде дамыту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

## 4 . Ә Л Е У М Е Т Т І К Д А М У

### 4.1. Әлеуметтік қорғау және кедейлікпен күрес

Ой-ниет. Үкімет өзінің қызметін кедейлікпен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруды жандандыра отырып, жүргізілетін реформалардың әлеуметтік бағытталуын күшейтеді. Халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған саясат: жалақыны, зейнетақыларды, жәрдемақылар мен кедейлерге атаулы әлеуметтік көмекті уақтылы төлеу жалғасатын болады.

Әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді беру тетіктерін парасатты үйлестіруге және әлеуметтік қатер туындаған кезде әрбір азаматтың өзін қамтамасыз етуге дербес жауапкершілігіне негізделген халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру жалғасатын болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Кедейлікпен күреске бағытталған шаралар жетілдірілетін болады.

Үкімет Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын P010886\_ іске асыру жөнінде пәрменді шаралар қолданатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақы реформасын және зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін уақытында сөзсіз орындауды ұстанатынын растайды.

Тағайындалған зейнетақылардың мөлшерлерін арттырған кезде зейнеткерлікке шыққан кезеңі ескерілетін болады.

Зейнетақы активтерінің айналымын жақсарту; халықаралық стандарттар тәжірибесінде қабылданған бухгалтерлік есепті зейнетақы қорларының пайдалануын көтермелеу; зейнетақы қорларына жоғары сапалы шетелдік қаржы активтеріне (жоғары сыныпты эмитенттердің бағалы қағаздарына) инвестициялауды берудің мүмкіндіктерін қарастыру жолымен жинақтау жүйесін нығайтатын болады.

Халықты, алдымен ауыл тұрғындарын және өз бетімен жұмыс істейтін халықты жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерімен қамтуды кеңейту жөніндегі шаралар көзделетін болады. Жұмыс берушілердің қызметкерлерге зейнетақы жарналарын толық және уақтылы аударуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау көзделеді.

Зейнетақы қорларының қызметін және ішкі рынокта зейнетақы активтерін басқару жөніндегі науқандарды жандандыру үшін зейнетақы активтерін орналастыру үшін пайдаланылатын қаржылық құралдардың тізбесі кеңейтіледі.

Зейнетақы жинақтауларының сақталуын және инвестициялық кірістердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жинақтаушы зейнетақы жүйесін

дамытудың заңдық, нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Ортақ зейнетақы жүйесінен төленетін төлемдердің жеткіліктілігін және зейнетақы жинақтауы жеткіліксіз болған кезде, ең төменгі зейнетақыға дейінгі үстемеақылар түріндегі мемлекеттік кепілдіктердің бар екендігін ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің тетігін ж е т і л д і р у к ө з д е л е д і .

Орнықты және тұрақты сақтандыру рыногын құру зейнетақы реформасын табысты іске асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Сақтандыру рыногының қалыптасуы мұндай қаражатты берген адамдарға кейіннен өмірлік аннуитеттерді жүзеге асыру үшін зейнетақы жинақтауын жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шотынан сақтандыру ұйымына беру мүмкіндігін көздейтін схеманы енгізуге мүмкіндік береді.

Халықты әлеуметтік қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету мақсатында еңбекке қабілетін жоғалту, асыраушысынан айрылу және жұмысынан айрылу жағдайына міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуге дайындық жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы әлеуметтік сақтандыру жүйесі азаматтарды өздерінің еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыратын болады, себебі олар тартылмаған азаматтармен салыстырғанда елеулі артықшылықтар алатын болады.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін бірыңғай сәйкестендірілген кодтарды беру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс ж а л ғ а с а т ы н б о л а д ы .

Үкімет мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы төлеу жөніндегі берешектерге жол бермеуді көздейді.

Үкімет әлеуметтік бағдарламалардың атқарылуын бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылдайды.

Әлеуметтік көмек оны берудің бірден-бір өлшемі кедейліктің шегі болып болып табылатын нағыз мұқтаждарға арналатын болады.

Қызметкерге еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян кезінде жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру енгізілетін болады.

Мүгедектердің қоғамға кірігуін нығайтуға бағытталған оңалту бағдарламасын, мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі заңдарды және ардагерлер

туралы заңдарды іске асыру жүзеге асырылатын болады. Белгілі тұратын орны жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталықтары одан әрі дамытылатын болады.

Үкімет мүгедектік статусын беру және еңбекке қабілетін жоғалту деңгейін анықтау, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары сарапшыларының жауапкершілігін арттыру рәсімін регламенттеу жөніндегі шараларды белгілейді.

Протездеу-ортопедия саласын дамыту протездеу-ортопедия кәсіпорындарын және медициналық стационарларды біріктіру және олардың базасында протездеу-ортопедия орталықтарын құру жолымен жүзеге асырылатын болады. Жаңа технологиялар бойынша қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін протездерді шығару жолға қойылатын болады. Республиканың кәсіпорындарында аяқ-қол протездеріне жиынтықтаушы буындар мен бөлшектерді шығару жөнінде импортты алмастырушы технологияларды енгізу ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Жетім балалар мен мүгедек балалар, денсаулығы нашар, кембағал және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар Үкіметтің ерекше қамқорлығына алынады. Олар үшін жоғары оқу орындарына түскен кезде квоталар беріледі, оларды оқыту үшін (үйде, ауруханаларда және т.б.) арнайы жағдайлар ұйымдастырылады.

#### 4.2. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамту

##### Еңбек қатынастары.

Ой-ниет. Үкімет еңбек қатынастары саласында жетілдіруге, еңбек және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік әріптестік жүйесін құруға жәрдемдесуге, еңбек әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Еңбек саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының тиісті конвенцияларын бекіту жолымен еңбек туралы заңдарды халықаралық стандарттарға жақындату жөніндегі жұмыс жалғасады.

Үкімет, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы әлеуметтік және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі әлеуметтік диалогтың әрекетті үш жақты тетігін одан әрі реттеу жалғасады.

Азаматтардың еңбек бостандығына және қауіпсіз еңбек жағдайына конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік еңбек инспекциясының тікелей құрылымын құру және мемлекеттік еңбек инспекторларына қажетті өкілеттіктер мен құқықтарды беру жолымен еңбек

туралы және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылаудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Азаматтарды еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыруда жұмыстан айрылудан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуге жәрдемдесетін болады.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

Ой-ниет. Үкімет жұмыспен қамту проблемаларын шешуге, бұрынғы жұмыс орындарын сақтауға және жаңаларын құруға, уақытша және жеке еңбекпен қамтуды кеңейтуге, жұмыссыздықтың нақты ауқымын айқындауға бағытталған жұмысты жалғастырады.

Үкімет кедейлік деңгейі мен жұмыссыздық деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізетін болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Азаматтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жолымен кедейлену мүмкіндігін төмендету жөніндегі жұмыс жалғасады.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздықтың алдын алу саласында еңбек рыногында талап етілген мамандықтарға сұраныс болған ретте кадрларды, оның ішінде жұмыссыздардың арасынан даярлаудың икемді жүйесін жасау қажет.

Осыған байланысты азаматтарды кейіннен еңбекке орналастыру мақсатында жаңа немесе бұрынғы кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету арқылы еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру басты бағыт болмақ. Еңбек рыногындағы қажеттілікке сәйкес білім беру, кадрларды даярлау жүйесін одан әрі бағдарлау көзделіп отыр, кадрларды тікелей жұмыс орнында қайта даярлау жүйесі жетілдірілетін болады. Еңбек рыногындағы сұраныс құрылымын болжау әдістемесін әзірлеу, жұмыспен қамту қызметінің жұмысын жетілдіру, халықты жұмыспен қамтудың аймақтық және республикалық бағдарламаларын әзірлеу, қоғамдық жұмыстарға ақы төлеу жүйесі мен қаржыландыру көзінің өзгеруін ескере отырып ұйымдастыруды жетілдіру, инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде қосымша жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Кедейлікке және жұмыссыздыққа қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны R000833\_ іске асыру барысында жұмыспен қамтуға жәрдемдесу құралдарын, оның ішінде жұмыспен қамтудың ақпараттық базасын, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнаулы бағдарламаларын іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық және әдістемелік базаларды жетілдіру көзделіп отыр.

Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында шетелдік жұмыс күшін әкелуге квоталар белгілеу, сондай-ақ жұмыс берушіге қосымша жұмыс орындарын құру және бұрынғыларын сақтау, шетелдіктерді ауыстыру мақсатында қазақстандық мамандарды қайта оқыту жөніндегі міндеттемелерді жүктеу көзделуде.

Ой-ниет. Орта білім беру саласында Үкімет азаматтардың мемлекеттік білім беру мекемелерінде тегін орта білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге, мектеп жасындағы балаларды оқуға толық қамтуға, білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған жұмысты жалғастырады.

Жоғары білім беру саласында Үкіметтің қызметі ел дамуының стратегиялық бағыттарында кадр әлеуетін сақтауға және дамытуға; қазақстандық жүйенің бәсекеге қабілеттігін арттыруға; ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарын интеграциялауға; басым бағыттар бойынша жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауға және аттестациялауға жоғары оқу орындарын оңтайландыруға, мамандарды даярлаудың сапасын көтеруге бағытталатын болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Барлық балалардың мектепке түсер алдындағы тең бастапқы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында міндетті мектеп алдындағы даярлау жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде алдағы міндеттерді орындау үшін Үкімет "Білім туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңы негізінде білім берудің барлық деңгейінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіруді, "Білім" мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді және оны іске асыру жөнінде шаралар қабылдауды көздейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда:

жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық, кадр әлеуетін балаларға ерте білім беру бағдарламаларын дамыту үшін пайдалану;  
балаларды мектепке дейінгі даярлаудың енгізілуіне байланысты педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру жүйесін жетілдіру көзделіп отыр.

Орта білім беру жүйесінде:

балаларды мектепке дейін даярлаудың енгізілуіне байланысты мектепке дейінгі тәрбиенің педагогикалық қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру;

бастауыш және орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, техникалық және арнаулы пәндер бойынша оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерін әзірлеу және кезең-кезеңмен енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асыру ;

орта білім беру жүйесін ақпараттандыру, 1-11 сыныптар үшін оқулықтар мен



оқу-әдістемелік кешендерді, "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңды шығару, кәметке толмағандардың арасында экологиялық білім беру, құқық бұзушылықтардың алдын ала саласында мемлекеттік және мақсатты бағдарламаларды іске асыру, есірткілерді тұтынуға және таратуға қарсы әрекет етудің кешенді шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

білім берудің (жалпы білім беру, нашар жинақталған ауыл мектептері, арнаулы интернаттар, мектептен тыс, балалар үйлері, кәсіптік мектептер, білім берудің жеке секторы) әр түрлі үлгідегі ұйымдарының торабы сақталуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

шәкірттерді еңбекке даярлаудың жекелеген нысандарын сақтау және дамыту, балаларға арналған оқу-өндірістік еңбек орталықтарын құру;

балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету, оқушы жастарға әскери-патриоттық және адамгершілік тәрбие беруді одан әрі жақсарту жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ;

орта мектепте оқушылардың ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары бойынша қажетті базалық даярлығын қамтамасыз ету;

бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру мақсатында білім берудің әдістері мен технологияларын жаңғыртуды қамтамасыз ететін ақпараттандыруды қ а р ж ы л а н д ы р у д ы ж а л ғ а с т ы р у ;

оқу мерзімі 12 жылдық орта жалпы білім беру тұжырымдамасын әзірлеу; орта жалпы білім берудің қорытынды аттестациясы мен кәсіби білім беру жүйелерінің түсу емтихандарын біріктіру жөнінде жекелеген аймақтарда эксперимент жүргізу көзделіп отыр.

### Жоғары білім беру жүйесінде:

білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеудің конкурстық жүйесі енгізіледі;

ел азаматтарының кәсіптік білім алуы үшін мемлекеттік білім гранттары мен несиелері жүйесі дамытылады;

жоғары оқу орындарын, олардың меншіктік нысандарына және ведомстволық бағынысына қарамастан, аттестациялаудың жаңа жүйесі әзірленеді және е н г і з і л е д і ;

жоғары оқу орындары рейтингтерінің жүйесі енгізіледі; ғылым мен жоғары білімді кезең-кезеңімен интеграциялау жүзеге асырылады;

білім берудің бірқатар объектілерін 3-5 жылға сенімді басқаруға беруге, осы ұйымдардың ұжымдарына (басшысына) кейіннен белгілі бір шарттарды орындаған жағдайда жекешелендіру құқығын беру жөнінде эксперимент

б а с т а л д ы ;

білім берудің барлық деңгейлеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарының жаңа нұсқаларын конкурстық негізде әзірлеу және шығару ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы ;

елдің жоғары оқу орындарында студенттер құрамын қалыптастыру моделі ж е т і л д і р і л е д і ;

жоғары кәсіптік білім берудің даярлық бағыттары мен мамандықтар жіктемесі ж е т і л д і р і л е д і ;

орта және жоғары кәсіптік білім беретін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесі жетілдіріледі;

техникалық кәсіптердің беделі арттырылады, техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлау үшін Қазақ-Британ техникалық университеті қ ұ р ы л а д ы ;

ұлттық және аймақтық мемлекеттік университеттер жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

#### 4 . 4 . Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

Ой-ниет. "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын және денсаулық сақтау саласының өзге де бағдарламаларын іске асыру; медициналық қызмет көрсетулердің еркін рыногын қалыптастыру және халықтың қалың бұқарасы үшін денсаулық сақтаудың еркіндігін сақтау мақсатында салаларды қаржыландырудың және қайта құрылымдаудың әзірленген жаңа тетіктерін енгізу .

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет медициналық қызметтердің сапасын арттыруға және олардың қол жетімділігіне, денсаулық сақтауды реформалау бағдарламасына бөлінген ақша қаражатының жұмсалуына қатаң бақылау жасауға бағытталған саясатты дәйекті жүргізеді. Денсаулық сақтауды басқару органының деңгейі мен мәртебесі көтеріледі.

Үкімет алға қойған мақсаттарды іске асыру үшін:

Қазақстан Республикасында фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, "Салауатты өмір салты" және жыныс жолымен берілетін аурулардың алдын алу жөніндегі кешенді бағдарламаларды, туберкулезге қарсы күрестің аймақтық бағдарламаларын іске асыру жөнінде шаралар қабылдауды. Әйелдердің анемиямен және сүт безі рагымен ауру деңгейін төмендетуге ерекше назар аударылатын болады;

"Диабет", "Қазақстан Республикасында жарاقاتтанудың алдын алу және оны азайту", "Нашақорлықты емдеу және медициналық алдын алу" мақсатты кешенді бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және іске асыру жөнінде шаралар қабылдауды;

фармацевтикалық және медициналық өнімдерді отандық өндірушілерді қолдау мәселелерін шешуді;

медициналық қызмет көрсетудің қазіргі деңгейін сақтауға және қолдауға, медициналық көмектің әрбір деңгейіне арналған сапа индикаторларын, экономикалық уәждеу тетіктерін және денсаулық сақтау жүйесін нарықтық жағдайда оңтайлы жұмыс істеуге бейімдеуді, тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің, салада ақылы қызметтер көрсетудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған кешенді экономикалық, құқықтық, ұйымдастыру шараларының кешенін жүзеге асыруды;

денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын заңнамалық қамтамасыз етуді;

денсаулық сақтаудың ерекше маңызды бағдарламаларын және медицина саласындағы зерттеулерді тиімді қаржыландыруды; "Халық денсаулығы", "Диабет" сияқты бағдарламаларды, 2002 жылы - есірткіге қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны кеңінен қаржыландыруды;

медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеуді, амбулаторлық-емханалық ұйымдарға бекітілген, тұрғындардың санына негізделген жан басына шағу нормативінің принципі бойынша бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді қаржыландыру жүйесін жетілдіру; үйде күндізгі стационарларды, стационарларды ұйымдастыру жолымен, отбасылық дәрігерлер институтын одан әрі енгізумен стационарлық емдеудің амбулаторлық принциптеріне кезең - кезеңімен өтуді;

денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын одан әрі дамытуды, емдеу-алдын алу мекемелерін кезең-кезеңімен жекешелендіруді;

санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жүйесін жетілдіруді; санитарлық-эпидемиологиялық қызметті халықаралық стандарттарға бейімдеуді, емдеу-алдын алу мекемелерінде инфекциялық бақылаудың жаңа жүйесін енгізуді және дамытуды, жұқпалы аурулардың алдын алу және оларды азайту жөніндегі жұмысты күшейтуді, республиканы полиомиелиттен тазарған аумақ ретінде сертификаттауды;

медицина қызметкерлерін даярлау мен қайта даярлауды жетілдіру, ғылыми бағдарламаларды, тиімділігін және іс жүзіндегі маңызын ескере отырып, әзірлеуді және енгізуді;

салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, емдік гигиена мен санитарияны сақтау жолындағы науқанды кеңінен ақпараттық-насихаттық қолдауды қамтамасыз етуді көздейді.

Аурулар диагностикасы саласында жаңа медициналық технологияларды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

#### 4.5. Демография және көші-қон

Ой-ниет. Алдағы кезеңде демографиялық және көші-қон процестеріндегі ылайықсыз ағымдарда бетбұрыс жасау және елдің халық санын ұлғайтудың негізін қалау қажет. Демография және көші-қон саясаты халықтың белгілі бір топтарына сараланған ықпал ету жолымен жүзеге асырылатын болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет белсенді демографиялық саясат жүргізбек, оны жүргізу үшін заңдардың базасын жетілдірмек ниетте.

Үкімет адамдарды кері көші-қонға итермелейтін факторларды жоюды, көшіп келушілердің (оралмандардың) құқықтары мен мүдделері қорғалуын жүзеге асыруды қалайды. Сонымен бірге көші-қонды реттеу кезінде негізделген квота белгілеу жолымен мемлекеттік мүдделердің сақталуын есепке алу көзделеді. Үкімет отандастардың қайтып келуіне, оларды орналастыруға, жергілікті жағдайларға бейімделуіне және оларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдемдесетін болады.

Көші-қон процестерінің ылайықсыз ағымдарын жою үшін "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңның жобасын әзірлеуді аяқтау қажет.

Үкімет болашақта ішкі көші-қон процестерін реттеу жөніндегі, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін халықтың ішкі көші-қоны және урбанизация проблемаларын талдау жөніндегі жұмысқа кірісуді көздеп отыр.

#### 4.6. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану

Ой-ниет. Үкімет өз іс-қимылын қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыруға және табиғатты пайдалану процесін қоғамның қажеттеріне сай реттеуге бағыттайды. Халықты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғаудың сенімділігін арттырады.

Үкіметтің іс-қимылы. Қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын қатайту, сондай-ақ экологиялық заңнамалық нормаларды халықаралық конвенцияларға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау көзделіп отыр.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Рио-де-Жанейродағы Халықаралық конференцияда (1992 ж.) Қазақстан қабылдаған міндеттемелерге сәйкес дамитын болады. Орталық Азия мемлекеттерімен трансшекаралық экологиялық проблемаларды шешу үшін аймақтық экологиялық саясатты әрі сыртқы және аралас қаржыландырылатын жобаларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды тұжырымдау саласында ынтымақтастықтың тұрақты тетіктерін жасау жөнінде шаралар қабылданады.

Табиғатты пайдалануды оңтайландыру мақсатында қоршаған ортаны ластауды және табиғи ресурстарды пайдаланудың аумақтық шектеулерін (лимиттерін) анықтау; табиғи ресурстардың кадастрларын және қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жасау; табиғатты пайдалану жүйесін және оны пайдаланғаны үшін ақы төлеу тетігін жетілдіру, қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік экологиялық сараптама мен мемлекеттік бақылау жұмысының құқықтық негізін күшейту; табиғатты қорғау іс-шараларына төлемдер және қаражат жұмсау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Мына міндеттерді: орман алқаптарын ұлғайту, сондай-ақ олармен қоса, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің басқа да ресурстарын ұтымды пайдалануды; су ресурстарының тапшылығын қысқартуды; шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайтуды; өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалану деңгейін арттыруды шешу жолымен қоршаған ортаны қалпына келтіру әрі оңалту жөніндегі шаралар көзделеді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін ұлғайту ормандардың және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің басқа да ресурстарын оңтайлы пайдалануға әрі олардың көлемін ұлғайтуға ықпал ететін болады. Астана қаласы төңірегінде орманды қалпына келтіру және ағаш егу, қорғаныш жасыл аймақты жасау жөнінде іс-шаралар белгіленген. Бекіре балықтардың уылдырық шашатын, сирек кездесетін әрі жойылып бара жатқан аң-құстардың өсіп-өнуі және қайту-келу кезеңінде кең ауқымды шаралар жүргізе отырып қаскерлікпен күресті күшейту көзделуде. Экологиялық туризм одан әрі дамитын болады.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге және су ресурстарының тапшылығын қысқартуға айрықша көңіл бөлінеді. Траншекаралық суларды ұтымды пайдалану тетіктерін, су ресурстарын пайдаланудың кешенді схемаларын әзірлеу ұйғарылып отыр. "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту; қоршаған ортаға елеулі әсер ететін өндірістерге экологиялық аудит жүйесін енгізу жөнінде шаралар қабылданады. Экологиялық қауіпті қызметтерді кейіннен лицензиялауды және экологиялық сақтандыруды енгізе отырып, олардың тізбесі әзірленіп, бекітілетін болады.

Тарихи ластануларды, оның ішінде радиоактивтік ластануды зерделеу жалғасады, оның нәтижелері бойынша оларды жою жөніндегі бағдарлама әзірлеу к о з д е л е д і .

Қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру мақсатында қалдықтарды ұқсату жөніндегі технологиялар мен қалдықсыз технологиялар дерекқорын жасау жалғасады және оларды енгізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету

жөнiнде шаралар қабылданады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесін құру мақсатында аймақтық және ғаламдық ауқымдағы төтенше жағдайларға жедел жауап әрекет етудің жүйесі қалыптастырылады, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында мемлекетаралық келісімдердің іске асырылуы одан әрі дамытылады.

#### 4.7. Мәдениет және спорт

Ой-ниет. Тарихи-мәдени және рухани құндылықтардың сақталуын, қол жетімділігін және оларға халықтың белсенді тартылуын қамтамасыз ету, әлеуметтік-мәдени саладағы өнімдер мен қызмет көрсетулердің отандық рыногын дамыту; халықаралық және аймақаралық мәдени ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету; қоғамда салауатты өмір салты принциптерін насихаттауды және енгізуді жалғастыру, халықты дене шынықтыру жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға тарту және, отандық спортты дамыту және оның халықаралық көлемдегі беделін көтеру.

Үкіметтің іс-қимылы. Мәдениет саласында қазақ ұлттық мәдениеті мен тілін, сондай-ақ Қазақстан Республикасын мекендеген халықтардың мәдениеті мен тілдерін сақтау мен дамытуды қолдау; мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін институционалдық, ұйымдастырушылық, нормативтік құқықтық сипаттағы негізгі шаралар кешенін жүзеге асыру және әлеуметтік-мәдени салада өнімдер мен қызмет көрсетулердің әлемдік стандарттарға сай отандық рыногын қалыптастыру; мәдениет саласы үшін кадрларды даярлау және біліктілігін жоғарылату жүйесін реформалау мен халықтық және кәсіптік өнердің дамуын барынша қолдау; халықаралық мәдени байланыстар мен алмасуларды кеңейту және нығайту жөніндегі бастамаларды қолдау.

Спорт пен дене шынықтыру саласында: Дене шынықтыру және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасын U010570\_ іске асыру; халықтық дене шынықтырудың Президенттік тестілерін енгізу; балалар мен жасөспірімдерді спорт секцияларында айналысуға тарту, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың, жасөспірімдер клубтарының торабын кеңейту; жоғары жетістіктер спортын қолдау, спорттың түрлері және ерікті спорт қоғамдары мен клубтарын одан әрі дамыту жөніндегі қызметті жандандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Дене шынықтыру мен спорт саласында салауатты өмір салты принциптерін насихаттау жөніндегі, спорттың бұқаралық түрлерін барынша қолдау жөніндегі жұмыстар жалғастырылады және Сиднейдегі (Австралия) 2000 жылғы жазғы

Олимпиадалық ойындарға және Солт-Лейк-Ситидегі (АҚШ) 2002 жылғы қысқы Олимпиадалық ойындарға қатысушыларға мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

## 5. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

Ой-ниет. Экономика мен қоғамның көліктік және ақпараттық сұранысын отандық өнімнің өзіндік құнындағы көліктің құрамдас бөлігін кеміте отырып қанағаттандыру, республиканың тасымалдау әлеуетін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

Үкіметтің іс-қимылы. Салмақты тарифтік саясатты жүргізу, елдің көліктік-коммуникациялық рыногында тасымалдаушылар мен операторларға арналған заңдық базаны дамыту және жетілдіру жұмыстың аса маңызды бағыттарының бірі болмақ. Бұл салада табиғи монополистердің қызметі саласын қайта құрылымдау, болжамды түрде тарылту және жекелеген функцияларды жеке секторға тапсырып беру саясаты жалғастырылатын болады.

Темір жол көлігі саласында басқару жүйесін одан әрі жетілдіру көзделеді. Реформа сала қызметінің тиімділігін көліктік қызмет көрсету рыногында бәсекелестік ортаны құру есебінен арттыруға бағытталады. Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасына P010756\_ сәйкес "Қазақстан темір жолы" РМК-ын қайта құрылымдау жүргізу белгіленіп отыр. Жаңа құралдарды пайдаланудың шарттары қайта қаралады, ресурс үнемдеу технологиясы енгізіледі.

Темір жол саласында негізгі темір жол учаскелерін жаңғырту, жылжымалы құрамды жөндеу үшін өндірістік базаны қайта жаңарту жалғастырылады. Ақсу-Конечная (Дегелең) жаңа темір жол желісін салу аяқталады және Дөң-Краснооктябрь кеніші жаңа темір жол желісінің құрылысы жалғасады. Тасымалдаудың осы заманғы технологиясына ауысу мақсатында темір жолдарды техникалық қайтадан жабдықтау жалғастырылады, басқарудың осы заманғы ақпараттық жүйесі енгізіледі, автоматтандырылған ақпараттық тораптар, оларды халықаралық көлік ақпарат жүйесіне одан әрі интеграциялай отырып, ұйымдастырылады және дамытылады. Алматы-Астана желісінде жолаушы поездарының жүрдек қозғалысы ұйымдастырылады.

Автомобиль көлігі саласында республиканың экономикалық, сауда және мәдени байланыстарын кеңейтуге жәрдемдесетін халықаралық автомобильдік тасымалдар одан әрі дамитын болады. Көліктік тасымалдардың дамуын қамтамасыз ету үшін "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

Автомобиль жолдары саласында халықаралық тасымалдарды қамтамасыз

ететін бағыттардағы автомобиль жолдары басымдық тұрғыда дамытылады, жеке меншіктегі жолдарды құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Халықаралық ұйымдардың басшылығында және көмегімен, халықаралық көлік жүйесін интеграциялауға жәрдемдесетін көлік қатынастарын дамыту жөніндегі инвестициялық саясат жандандырылады. Алматы-Астана автокүрежолын оңалту аяқталады. Батыс Қазақстанда Атырау-Орал-Ақтөбе автомобиль жолдарын, Алматы-Бішкек, Алматы-Қорғас жолдарын, Қызылорданың тұсында Сырдария өзеніндегі көпір өткелді қайта салу басталады. Астана-Бурабай және Шығыс Қазақстан-Алтай Республикасының шекарасы автомобиль жолдарының учаскелерін салу жалғасады. Орал қаласының тұсында Жайық өзеніне көпір салу аяқталады.

Бұдан әрі қаражаттың кезең-кезеңмен ұлғаюы және автожолдарды қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіру қамтамасыз етіледі. Республиканың жалпы көлік кешенінде автомобиль жолдарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетудің сервистік жүйесімен қамтамасыз етілген жоғары санаттағы жолдарды салу негізінде жол секторы сапалық жаңартылатын болады. Ірі қалалар мен елді мекендерді айналып өтетін жаңа жолдардың құрылысы дамытылады.

Әуе көлігі саласында нақты жағдайлар жасауға көңіл бөлетін боламыз. Бірнеше тұрақты аймақтық компаниялар құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Үкімет азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заң жобасын әзірлейді. Ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау қатайтылады. Азаматтық авиация саласын дамыту бағдарламасы жүзеге асырылады. Саланы қатаң мемлекеттік басқаруға топтастыру үшін күшті ұлттық тасымалдаушыларды қалыптастыру көзделіп отыр. Қызмет көрсету саласын кеңейту және жаңа рыноктарды игеру мақсатында ескірген ұшақтар паркін лизингтің және жоғары сыныпты ұшақтарды белгілі мөлшерде сатып алу есебінен жедел ауыстыруды жалғастыру жоспарланған. Әуежайларды олардың әлемдік стандарттарға сай келуі мақсатында қайта жаңарту және салу жалғастырылады.

Су көлігі саласында Ақтау портының инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, экспорттық-импорттық жүктердің алмастырылу көлемін ұлғайту, су жолдары мен шлюздерді кеме жүретіндей жағдайда ұстау; Каспий аймағында теңіз кеме шаруашылығын ұйымдастыру үшін "өзен-теңіз" сыныбындағы кемелерді сатып алу, мультимодельды тасымалдауды - ішкі су жолдарының транзиттік мүмкіндіктерін дамыту мақсатында пайдалану үшін қызметтің негізгі б а с ы м б а ғ ы т ы б о л м а қ .

Байланыс пен телекоммуникациялар саласында байланыстың осы заманғы жүйелері мен құралдарын енгізу есебінен дамудың сапалық жаңа деңгейіне қол жеткізу жобаланып отыр. Саланы ырықтандыру процесі басталады. Ақпараттық



құрылымды дамыту пайдалану мен инвестиция шығындарын оңтайландырудың жалпы мемлекеттік саясатын, жалпы ұзақтығы 9 мың км., барлық облыс орталықтарын, ірі елді мекендерді, аудан орталықтарын байланыстыру жұмыстарын 2005 жылы аяқтай отырып, Ұлттық ақпараттық супермагистраль қалыптастыруды көздейді. Коммутациялық жабдықтарды, магистральдық желіні жаңғырту жоспарланған, байланыстың магистральдық және аймақтық желілерін ұйымдастыру үшін жер серігі байланысын қалыптастыру жалғастырылады.

Байланыстың Трансазия-еуропалық талшықты-оптикалық желісінің батыс учаскесін салу аяқталады, бұл Қазақстанның аумағы арқылы өтетін Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия транзит трафигін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Елдің почталық байланысын жаңғырту жүзеге асырылады, бұл оның почта - жинақтаушы жүйесін қалыптастырумен байланысты қызмет аясын кеңейтумен бірге почта саласын, кең ауқымды ұсынылатын қызмет көрсетулермен қоса, осы заманғы деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Көлікте жүру қауіпсіздігін қадағалау саласында заңдар күшейтілетін болады.

## 6. ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР

Ой-ниет. Ішкі рыноктың сұранысын қамтамасыз ету және экспортқа бағыттаған, технологиялық байланысқан отын-энергетикалық кешенді қ а л ы п т а с т ы р у .

Үкіметтің іс-қимылы. Елдің отын-энергетикалық кешенін энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ететін бағытта дамыту және энергия көздерін әлемдік тұтыну рыноктарына жеткізу жөнінде белсенді іс-қимыл жасалады. Экспорттық газ және мұнай құбырларының сызбаларын айқындау және олардың жекелеген учаскелерін жобалау мен сала бастау көзделіп отыр. Энергия көздерін шетелге тасымалдаудың көпсалалы жолдарын құру, сондай-ақ республиканың ішкі рыногын мұнай өнімдерімен толықтыру жөніндегі жұмысы жандандырылады. Экономикалық пайдалылықты және елдің энергетикалық қауіпсіздігін ескере отырып, электр қуатын өндірудің экологиялық қауіпсіз технологиясына кезең-кезеңмен көшу бағдарламасын әзірлеу көзделіп отыр.

Мұнай. Мұнай-газ өнеркәсібінде Қазақстан Республикасының Үкіметі таяудағы жылдарда құбыр желісі көлігімен мұнайды тасымалдауға арналған квотаны ұлғайту, сондай-ақ Каспий Құбыр желісі Консорциумы (КҚК) жобасы бойынша 2001 жылы мұнай құбырының бірінші кезегін іске қосу жөнінде Ресей Үкіметімен жұмыс істеуді жалғастырады.

Каспий теңізінің Қазақстан секторындағы мұнай скважиналарын бұрғылау кестесінің орындалуын бақылау қамтамасыз етіледі.

2000-2002 жылдар кезеңінде Қарашығанақ және Теңіз кешендерінің

дамытылуы осы кен орындарында мұнай мен конденсат шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік береді. Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырын салу жоспарланған, бұл Ақтөбе облысының кен орындарынан мұнайды Еуропаның экспорттық рыногына тасымалдауға және Атырау мұнай өңдеу зауытын неғұрлым толық жүктемелеуге мүмкіндік береді. Бұл жылдары мұнай өндірудің өсуіне негізінен Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын, Ақтөбе облысының бірқатар кен орындарын, сондай-ақ Солтүстік Бозашы түбегімен шектес кен орындарын іске қосу есебінен ж е т у ж о б а л а н ғ а н .

Тұрақты және салыстырмалы тұрғыда төмен бағамен оңтүстік аймақтардың - табиғи газға және солтүстіктің - мұнай өнімдеріне деген сұраныстарын қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қолданылатын болады. Амангелді газ кен орындары тобын игеру басталады.

Үкімет қосалқы мұнай құбырларының түпкілікті нұсқаларын айқындайды және темір жол, теңіз көлігін мұнайды тасымалдау жөнінде пайдаланудың бағдарламасын әзірлейді және бекітеді.

Қатты отын. Екібастұз бассейнінде энергетикалық көмір өндіруді тұрақтандыру және оны Ресей Федерациясына экспорттау, алдағы жылдары қол жеткізілген Қаражыра, Шұбаркөл және Шөптікөл кен орындарының күлі аз көмірін өндірудің көлемін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады. Қарағанды көмір бассейнінің тиімсіз шахталарын тарату жұмыстары ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Электр энергетикасы. Электр энергетикасы секторын одан әрі реформалау мақсатында тариф мөлшерінің электрді беру қашықтығына тәуелді болуын кемітуге, елде электр энергиясы мен қуатының бірыңғай тиімді көтерме рыногын жасауға бағытталған тариф саясатын жалғастыру электр энергиясын өндіретін энергия көздері арасында өздері өндірген электр энергиясын өткізу үшін бәсекелестікті күшейту белгіленген, бұл сайып келгенде, түпкі тұтынушыларға берілетін электр энергиясы үшін бағаны төмендетуге жәрдемдеседі.

Үкімет электр қуатын өндіру жөніндегі қуаттарды жекешелендіруді 2001 жылы аяқтауды, көпсалалы даму банктерінің және донорлардың көмегімен электр қуатының бәсекелі көтерме сауда рыногын құруды көздеп отыр. Төлеу тәртібін нығайту, коммерциялық басқаруды жақсарту және инвестицияларды көтермелеу мақсатында ашық тендерлер жүргізу жолымен аймақтық компанияларды - электр энергиясы дистрибьюторларды жекешелендіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату тарифтері мен бағаларын есептеу тетіктері және оның реттелуі өзіндік құнның толық өтелуін қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатта қазіргі рәсімдерді шолу негізінде заңнамалық актілер мен нормативтерге қажетті түзетулер енгізіледі.

Несиелер тартудың негізінде электр берудің кернеуі 500 және 220 кВ негізгі мемлекеттік желісінің сенімді жұмыс істеуін арттыру үшін "Ұлттық электр желісін жаңғырту" жобасын іске асыру көзделіп отыр.

Өзара тиімді қатынастар принциптеріне негіздей отырып, электр энергиясын өзара беру кезінде энергиямен сенімді де іркіліссіз қамтамасыз ету үшін Қазақстанның, Ресейдің және Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерінің қатар жүретін жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс одан әрі дамытылады.

## 7 . К Ә С І Б И Ү К І М Е Т

Ой-ниет. Үкімет мемлекеттік басқару ведомствоаралық және салааралық үлестіру жүйесін жетілдіруді жалғастырады; мемлекеттік қызметті реформалау жөнінде одан әрі қадамдар жасайды.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет Мемлекеттік органдардың функцияларын орталықтан шығару бағдарламасын әзірлейді және іске асырады; әрбір орталық мемлекеттік органда функционалдық талдау жүргізеді; мемлекеттік органдарға және мемлекеттік қызмет лауазымдарына функционалдық код беруді жүзеге асырады; Үкіметтік шешімдер қабылдау рәсімін жетілдіреді; мемлекеттік қызмет туралы заңдарды жетілдіруді жалғастырады.

Ел Президентінің "Қазақстан - 2030" Қазақстан халқына Жолдауына К972030 \_ сәйкес Қазақстан Республикасын дамытудың 2010 жылға дейінгі стратегиялық ж о с п а р ы ә з і р л е н е д і .

Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару салаларын регламенттендіретін заң актілері қабылданатын болады.

Үкімет өз қызметінің стратегиялық бағыттарын іске асыруға арналған қаржы ресурстарының көлемін жоспарлаған кезде жергілікті мемлекеттік органдардың қаржылық дербестігіне кезең-кезеңімен өтуді жүзеге асырады.

Үкімет мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі жұмысты ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Мемлекеттік басқаруды жетілдіруде негізгі күш қызмет нәтижелерін бағалауға жұмсалады. Атқарушы биліктің түрлі буындағы басшыларына шешімдер қабылдауда және оларды іске асыруда көбірек дербестік беріледі. Қажетті стратегиялық бақылау жұмысты орындау барысына емес, бірінші кезекте олардың қызмет нәтижелерін бағалауға бағытталады.

Әрбір орталық және жергілікті атқарушы органның тиісті бюджеттік бағдарламаларға таратылған, бір жылға арналып айқын әзірленген және халыққа түсінікті жұмыс жоспары болады және оның орындалуы жөнінде есеп береді.

Басшыларға мәселелерді шешудің стратегиясы мен тактикасын айқындауда

көбірек еркіндік берілумен қатар, басқарудың әрбір деңгейінде қызмет нәтижелерін тексеру практикасы енгізіледі, соның негізінде әрбір мемлекеттік органның тұтас алғанда тиімділігі бағаланатын болады.

Кадрларды іріктеу және әкімшілік-мемлекеттік қызметшілерді қызмет бойынша жылжыту Қазақстан Республикасы азаматтарының, оның ішінде жастар мен әйелдердің мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуі принципін іске асыруға және, ең алдымен, кәсіпкерлік принциптеріне арқа сүйеуге бағытталған. Осы мақсатта кадрларды конкурстық негізде іріктеуді, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын; әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізу ресімін; кадр резервін қалыптастыруды және басқаларды регламенттейтін актілер қабылданатын болады.

Мемлекеттік қызметтің мәртебесін қолдау және көтеру мақсатында мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеуді көтерудің орташа мерзімді бағдарламасы әзірленетін болады. Лауазымдарды факторлық-баллдық бағалау негізінде еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі пилоттық жобалар іске асырылады. Осының негізінде мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарына біліктілік талаптары әзірленеді.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай принциптері енгізіледі. Мұндай жүйені Үкімет айқындайды және ол кесімді жалақы мен бонустан тұратын болады, олардың мөлшері кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болады.

Мемлекеттік қызмет кадрларын оқытудың бірыңғай жүйесін құруға, мемлекеттік тапсырыс тетігін енгізуге және оқытудың бірыңғай стандарттарын айқындауға негізделген Мемлекеттік қызметшілерді оқытудың тұжырымдамасы іске асырылады. Үкімет мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін қаржыландырудың тұрақты тетігін қалыптастыру жөнінде бірқатар шаралар қабылдайды. Осы бағытты барынша іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының оқу-әдістемелік базасы пайдаланылады және аймақтық оқу орындарының материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктері қамтылады.

Елдің жаңа басқарушы элитасын қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында халықаралық донор ұйымдардың техникалық қолдауы жағдайында Астана қаласында Еуразия оқу орталығын құру жөнінде шаралар қолданылады.

Білім және денсаулық сақтау қызметкерлерін қоса алғанда, бюджет саласындағы барлық қызметкерлердің қызметін регламенттеу мақсатында 2002

жылы азаматтық қызмет туралы нормативтік құқықтық актілер әзірлене  
б а с т а й д ы .

Үкімет республикада заң шығарушылық қызметіне айрықша көңіл бөледі, Қазақстан Республикасының Құқықтық даму тұжырымдамасын әзірлейді. Сонымен қатар қабылданған заңдардың іске асырылуына, әсіресе заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің уақтылы әзірленуі бөлігінде бақылау күшейтіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөнінде қадамдар жасалады. Мемлекеттік органдардың басшылары, ең алдымен, сыбайлас жемқорлық құбылыстарымен дәйекті күрес жүргізу, мемлекеттік қызмет этикасының нормаларын күнделікті іс-қимылда сақтау мәселелерін шешуді көздейтін іс-қимыл бағдарламасын әзірлейтін болады.

## Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Үкімет жаңа мыңжылдықтың табалдырығы алдында күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуал жағдайларында жұмысқа кірісті.

Үкімет Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан 2030" ұзақ мерзімді стратегиясын дәйектілікпен іске асыруды жалғастырады.

Бағдарламаны іске асыру ұсынылып отырған шаралар экономиканы тұрақты экономикалық өсу траекториясына шығаруға ықпал ететін болады.

Бағдарлама макродеңгейде орын алған әлеуметтік-экономикалық қиғаштықтарды түзетуге, отандық тауар өндірушілерді дамыту үшін жағдайлар жасауға, салық салынатын базаны кеңейтуге және осының негізінде әлеуметтік саланың проблемаларын шешуді жеделдетуге мүмкіндік береді.

Нақты секторды дамыту халықтың кірісі мен төлемге қабілетті сұраныстың өсуіне оң әсер ететін қосымша жұмыс орындарын құрады. Тұтастай алғанда экономикалық өсу кедейліктің деңгейіне және зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшерлеріне қолайлы ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асырудың ең маңызды шарты қолайлы халықаралық жағдай, әріптес елдердегі және Қазақстанмен тікелей шектесетін елдердегі саяси және экономикалық ахуал болып табылады.

Қазақстанның әлемдік шаруашылыққа интеграциялануы, көршілес мемлекеттермен және басқа да әріптес елдермен өзара іс-қимылды тереңдету, аймақтық интеграцияны дамыту және елдің транзиттік-көлік әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері Үкіметтің назарында болады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК